БАЙДЫҢ САЛЫҒЫ МАЙЛЫ МА?

6-БЕТ | МӘСЕЛЕ

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ РЕНЕССАНСЫ

7-БЕТ | АХМЕТ БАЙТҰРСЫНҰЛЫ – 150

ҚОҚЫСТЫ СҰРЫПТАУҒА НЕГЕ ЕНЖАРМЫЗ?

8-БЕТ | ЖАСЫЛ ҚАЗАҚСТАН

№120
(4398)
Сейсенбі
11 қазан
2022 жыл

ASTANA AQSHAMY

ELORDA AQPARAT

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ



УАҚЫТША ОНЛАЙН ОҚИДЫ

Астанада ірі халықаралық форумдардың өтуіне байланысты мектеп оқушылары екі күн бойы онлайн оқытуға көшіріледі.

«13-14 қазанда елордада мемлекет және үкімет басшыларының қатысуымен ірі халықаралық форумдардың өтуіне байланысты қала жолдарының кейбір учаскесінде көлік қозғалысын уақытша ішінара шектеу жоспарланып жатыр. Осындай маңызды оқиғалар кезінде бұл тәжірибе көп елде қолданылады. Жоғарыда айтылғандарды ескере отырып, мектеп оқушылары мен ата-аналарға ыңғайлы болу үшін 13-14 қазанда қала мектептерінде меншік нысанына қарамастан сабақтар қашықтан оқыту форматына көшіріледі» делінген Білім басқармасының хабарламасында.

ДӘРІГЕРЛЕР ТЕГІН ТЕКСЕРЕДІ

Астана қаласында әйелдер үшін сүт безі қатерлі ісігінің алдын алу мақсатында тегін дәрігерлік тексерулер және кеңестер беріледі.

Дәрігерлік тексерулер 15 қазақ күні Керей және Жәнібек хандар көшесі, 3 мекенжайында орналасқан Ұлттық ғылыми онкология орталығының консультативтік-диагностикалық бөлімінде өтеді.

«Диагностикадан өту үшін жеке куәлік және алдыңғы тексерулердің медициналық қорытындылары және консультациялар (болған жағдайда) көшірмесін алып келу қажет» делінген орталықтың хабарламасында.

Тексеруге тіркелу Call-орталықтың телефон нөмірлері бойынша жүргізіледі: 8 (7172) 702 911; 702 900 немесе WhatsApp арқылы: +7 708 425 0711 жазылуға болады.

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ СЕНБІЛІК

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Біз табиғатты ластауға қарсымыз!» атты жалпыұлттық акциясы аясында елордада экологиялық сенбілік ұйымдастырылып, оған 3600 адам қатысты. Белсенді тұрғындар елорданың айналасын, көппәтерлі және жекеменшік тұрғын үйлердің маңы мен мекеме, кәсіпорындардың аулаларын мұнтаздай етіп, қала аумағын күл-қоқыстан тазартты. Бас шаһардағы 385 гектар аумақтан 100 тоннаға жуық қоқыс жиналып, шығарылды.

4

ДЖОКОВИЧ ТОП ЖАРДЫ

12

САЙЛАУ УЧАСКЕҢІЗДІ БІЛІП АЛЫҢЫЗ

20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауы өтеді. Астана қаласының тұрғындары қазірдің өзінде өздерінің сайлау учаскесі туралы мәліметтерді бірнеше тәсілмен онлайн режимде ала алады.

Астана қаласының әкімдігі өзінің сайлау учаскесі туралы мәліметтерді нақты уақыт режимінде келесі тәсілдермен алуға мүмкіндік береді:

1. Веб-қызмет: https://sailau.astana.kz/

2. Telegram-дағы чат-бот: https://t.me/@sailau_astana_bot

3. IKomek бірыңғай байланыс орталығы, 109 телефоны бойынша.

Азаматты дауыс берудің нақты сайлау учаскесіндегі сайлаушылар тізіміне енгізу үшін оның тұрғылықты жері бойынша, аталған сайлау учаскесінің аумағында тіркелу фактісі негіз болып табылады.

Мекенжай мәліметтерін тіркеу, түзету және тексеру үшін egov.kz «электрондық үкімет» порталы «Азаматтық, көші-қон және иммиграция Халықты тіркеу және тіркеу есебінен шығару» бөліміне немесе «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына жүгіну қажет.

20 қараша 2022

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІНІҢ САЙЛАУЫ

№120 (4398) 11/10/2022 Сейсенбі

ҰҚШҰ БАС ХАТШЫСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев ҰҚШҰ Бас хатшысы Станислав Засьті қабылдады.

Ұжымдық қауіпсіздік туралы шарт ұйымының Бас хатшысы Мемлекет басшысына ұйымның қазіргі жағдайы мен даму перспективалары, сондай-ақ ҰҚШҰ Ұжымдық қауіпсіздік кеңесінің кезекті сессиясына дайындық барысы жөнінде мәлімет берді.

Кездесуде бұл халықаралық ұйым қызметінің негізгі бағыттарындағы ауқымды мәселелер қарастырылды.

НАН НЕГЕ ҚЫМБАТТАДЫ?

Биыл қаңтар-тамыз айларында нан өндірісі 342,4 мың тоннаны құрады. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 3 пайызға аз. Сектордағы шығарылымның төрттен бір бөлігі – Түркістан облысына тиесілі: 81,7 мың тонна. Үштікте Алматы мен Ақтөбе облысы да болды.

Қыркүйек айының қорытындысы бойынша нан құны өткен жылдың қыркүйегімен салыстырғанда 19,4%-ға өсті. Қара бидай нанының бағасы 24,7%-ға, жоғары сұрыпты ұннан жасалған бидай наны – 28,2%-ға, бірінші сұрыпты ұннан жасалған бидай наны 14,4%-ға, кесілген нан 28,1%-ға өсті. Ұлытау облысында бағалар айтарлықтай өсті: бірден 48,3%-ға көтерілді. Одан кейін Ақмола облысы және Алматы, Солтүстік Қазақстан облысында бағаның ең төмен жылдық өсуі тіркелді.

Қазақстандықтар жоғары сұрыпты ұннан жасалған нанды 341 теңгеге, бірінші сұрыпты ұннан жасалған нанды 195 теңгеге сатып алды. Екінші тоқсанының қорытындысы бойынша елімізде жан басына шаққанда орташа тұтыну бірінші сұрыпты бидай ұнынан 7,5 кг және қара бидай ұнынан 646 г нан құрады. Бидай ұнынан жасалған нанды қалалықтар ауыл тұрғындарына қарағанда аз тұтынады, ал қара бидай ұнынан жасалған нанды қала тұрғындары көбірек сатып алады.

САН САЛАҒА СЕРПІН БЕРЕДІ

Кеше елордадағы әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» тақырыбындағы Жолдауын талқылау бойынша білім саласындағы мамандардың дөңгелек үстел отырысы өтті.

Қалиакбар ҮСЕМХАНҰЛЫ

Мемлекет басшысы Тоқаевтың Жолдауын жастарға ішкерілей түсіндіру мақсатында өткен бұл дөңгелек үстелге балабақша, мектеп, колледж, қосымша білім беру ұйымдарының жас мамандары қатысты.

Шараға спикер ретінде шақырылған елордадағы №82 «Дарын» мамандандырылған лицейі тарих пәнінің мұғалімі Жұмагүл Жүнісбекқызы алдымен Жолдаудың 5 бағдары туралы тоқталып, ондағы басты ерекшеліктерді егжей-тегжейлі түсіндіріп шықты. Соңынан жас маманда топтарға бөлініп Жолдауды талқылады.

– Жолдау мемлекет дамуының стратегиялық жоспары саналады. Бұл жоспар барлық саланы дамытуға бағытталған. Демек, алдағы уақытта тек білім беру, емдеу денсаулық саласы ғана емес, барлық салаларда оң өзгерістер болатыны сөзсіз. Яғни Жолдау сан саланың дамуына тың серпін береді, – деді Астана қаласы әкімдігінің білім беруді жаңғырту орталығы басшысының орынбасары Дидар Байтасов.

– Жолдаудың жалпы мазмұнынан «Халық үніне құлақ асатын мемлекеттің» образы менмұндалап тұр. Жолдауда айтылған жоспарлар алдағы уақытта түгел жүзеге асады деп сенемін. Қазір еліміз маңызды бұрылыс кезеңде тұр. Қазақстан халқының бірлігі мен мызғымас достығы да осы кезеңде сыналады. Сондықтан бізге береке, бірлік керек, – деді Астана қалалық техникалық шығармашылық орталығының мұғалімі Сайлаубек Қайратұлы.

9 АЙДЫҢ ЕСЕБІ БЕРІЛДІ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Есеп комитетінің төрағасы Наталья Годунованы қабылдады. Кездесу барысында Президентке Есеп комитетінің биылғы 9 айда атқарған жұмысы туралы есеп берілді.

Осы кезеңде барлығы 3,4 триллион теңге бюджет қаражатын қамтитын 99 объектіде 17 аудиторлық тексеру жүргізілген. Наталья Годунова Қасым-Жомарт Тоқаевқа 2023-2025 жылдарға арналған республикалық бюджет жобасын бағалаудың негізгі нәтижелері туралы да мәлімет берді. Онда даму бюджетінің 3,5 триллион теңге қаржысы қамтылған. Сонымен қатар Мемлекет басшысына салық жеңілдіктерінің тиімділігіне жүргізілген аудиттің алдын ала қорытындылары ұсынылды. Кездесу қорытындысы бойынша Президент мемлекеттік аудит жүйесін одан әрі дамытуға қатысты бірқатар нақты тапсырма берді.

ТҰРАҚТЫ ӨКІЛДІ ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанның БҰҰ жанындағы жаңадан тағайындалған Тұрақты өкілі Ақан Рахметуллинді қабылдады.

Кездесу барысында Президент Біріккен Ұлттар Ұйымымен арадағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтудың маңыздылығына назар аударды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Ақан Рахметуллинге БҰҰ күн тәртібіндегі барлық өзекті мәселеге қатысты жұмыстарды белсенді жалғастыруға және осы әмбебап ұйыммен өзара іс-әрекет бойынша жаңа әрі ұзақ мерзімді тәсілдерді әзірлеуге бағытталған бірқатар нақты міндеттер жүктеді.

ЕЛДІ МЕКЕНДЕР МӘСЕЛЕСІ НАЗАРДА

Елордада 16 елді мекенде шамамен 345 мың адам тұрады, яғни бұл – Астананың әрбір 4-тұрғыны деген сөз. Бұл елді мекендерде абаттандыру мәселелерімен қатар жүйелі мәселелер де бар, олар – электр жүйесі, су, нөсер кәріздері, жылыту мен әлеуметтік нысандардың құрылысы және тағы басқалары бар.

«Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, елді мекендерді жүйелі дамыту жолында жұмыс жүргізіп келеміз. Мәселен, тұрғын алаптарын 42 шақырым сумен, 17 км және 11 км нөсер кәріздермен 3,2 шақырымнан астам электр және 680 шақырым газбен жабдықтау желілерін салдық» деді Астана қаласының әкімі Алтай Көлгінов әлеуметтік желідегі парақшасында.

«Елді мекендерде 4 білім беру нысанын, 2 спорт кешенін, 300 аула мен қоғамдық кеңістікті және 117 шақырымнан асатын 250 көшені жөндеп салдық, сондай-ақ 3,7 мың жарықтандыру тірегін орнаттық» деді елорда әкімі.

– Бұл – жай сандар ғана емес, бұл елді мекендерде тыныс-тіршілікті жақсартуға мүмкіндік беретін үлкен жүйелі жұмыстардың нәтижесі. Бірақ, әрине, күннен күнге өсіп жатқан елорда үшін бұл жеткіліксіз, елді мекендерді дамыту бағытындағы жұмыстарды әлі де жалғастыратын боламыз. Кездесулердің бірінде «Үркер» елді мекенінің тұрғындары «сол жағалаудың жарығына тамсанамыз» деген болатын. Ендеше, шет аймақтардағы тұрғындарға да өмір сүруге қолайлы жағдай туғызуымыз қажет.

«Ағаш отырғызу учаскесі» (ЛПУ) елде мекеніне жеке тоқталып кетсем, – деді қала әкімі өз сөзінде. Бұл аумақта 400-ден астам адам тұрады. Кездесуде сондай-ақ су мәселесі де көтерілді. Өйткені бұл елді мекен пайда болғалы бері тұрғындарға су құбыры тартылмаған, адамдар суды қолымен тасуға мәжбүр, өте қолайсыз жағдай қалыптасқанын айтуымыз қажет. Осы орайда жобаны жасап, қазір орталық су құбыры мен кәріз желілерінің құрылысын бастадық.

А.Көлгінов келесі жылдан бастап аталған елді мекенді газдандыру бойынша жобаны дайындауды жоспарлап отырғанын айтты. Сонымен бірге тұрғындарға ең қажет әлеуметтік нысанның бірі – балабақша салу керектігін жеткізді. Тұрғындармен кездесуде өзекті тағы бірқатар мәселелер кеңінен талқыланды.

БАСЫМ БАҒЫТТАР ТАЛҚЫЛАНДЫ

Астана қаласының Тілдерді дамыту және архив ісі басқармасы С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетімен бірлесе отырып, Президент Жолдауын талқылау бойынша кездесу өткізді.

Индира БЕРЖАНОВА

Астана қаласы Кәсіпкерлер палатасының кәсіпкерлердің құқықтарын қорғау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңесінің төрағасы, белгілі заңгер Ирак Елекеевтің айтуынша, Жолдау аясында экономиканың ілгерілуіне нақты қадамдар жасалуда.

«Жер – халықтың мүддесі. Оның қойнауындағы байлық ел игілігіне жұмсалатыны – үлкен мәселе. Мемлекет басшысы бұл сұраққа өз Жолдауында нақты жауап берді. Яғни, Ұлттық қордан жыл сайынғы инвестициялық кірісінің 50 пайызы балалардың есепшотына аударылады. Экономистердің болжамынша, бұл 3-3,5 мың долларды құрайды, – деді ол.

Астана қаласы мәслихатының депутаты Ләззат Разбекова-Төлеуханова Мемлекет басшысының Жолдауы негізінен, әлеуметтік мәселелерді шешуге бағытталғанын атап өтті.

– Әйелдердің зейнет жасын 61 жасқа дейін төмендеуі – негізгі әлеуметтік мәселелердің шешілгенінің бір айғағы. Сондай-ақ қазіргі таңда ЖОО-ның бітірген тәрбиешілердің жалақысы 100 мың теңгені құрап отыр. Жолдау аясында алдағы уақытта балабақша тәрбиешілерінің жалақысын арттыру көзделіп отырғаны қуантады, – деді мәслихат депутаты.

«Жолдау – саяси күн тәртібін қалыптастыру құралы ретінде» тақырыбындағы талқылауға С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық университетінің профессоры, тарих ғылымдарының докторы Галина Алпысбаева, оқу орнының ұстаздары мен бір топ студент қатысты.

№120 (4398) 11/10/2022 Сейсенбі

КҮШЕЙТІЛГЕН ЖҰМЫС РЕЖИМІНЕ КӨШТІ

10 қазанда сағат 21.00-ден бастап стационарлық бақылау бекеттерінің базасында елорда аумағына кіруді бақылау күшейтілді.

Елордада мемлекеттер мен үкіметтер басшыларының қатысуымен ірі халықаралық іс-шараларды өткізуге байланысты Астана полицейлері кешеден бастап қызмет атқарудың күшейтілген нұсқасына көшті.

Стационарлық бақылау бекеттерінің базасында елорда аумағына кіруді бақылау күшейтілді, бекеттерде қызмет атқаруды тәулік бойы құрамында полиция қызметкерлері мен Қорғаныс министрлігінің әскери қызметшілері бар мобильді топтар жүзеге асырады. Көші-қон заңнамасын бұзу әрекеттерінің алдын алу және жолын кесу мақсатында 1 қазаннан бастап «Учаске» Республикалық жедел-алдын алу іс-шарасы өткізіліп жатыр.

Астана қалалық Полиция департаменті елорда тұрғындары мен қонақтарынан өткізілетін іс-шараларға түсіністікпен қарауды сұрайды және ыңғайлы болу үшін қоғамдық көлікті пайдалануды ұсынады. «Қауіпсіздік және көлік кідірістерін болдырмау үшін жол жүру маршруттарын алдын ала жоспарлауды және жол қозғалысы ережелерін қатаң сақтауды ұсынамыз» делінген хабарламада.

ҚАРУЛЫ КҮШТЕР ҚАТАРЫНА ҚОСЫЛДЫ

Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің Десанттық-шабуылдау әскерлеріне елордадан биылғы күзгі әскерге шақырылушы жастардың кезекті командасы аттанды.

Елордалық әскерге шақырылушылар Қонаев қаласындағы Десанттық-шабуылдау бригадасының құрамында мерзімді әскери қызметін атқаратын болады.

«Бұл күндері «Айбынды жас – Қазақстанның тірегі» республикалық акциясы еліміздің барлық өңірлерінде жүріп жатыр. Қыркүйек айында біз Шекара қызметінің әскери бөлімдерін жасақтауды аяқтадық. Жақсы нәтижелерге қол жеткізе отырып бізбен жабдықталған әскери бөлімдердің командирлері біздің тарапымызға жақсы пікірлер білдірді. Армия үнемі жаңартылып келеді, сондықтан бізде әскерге шақырылушыларға үлкен талаптар қоямыз. Әскери қызметке біз тек үздіктерді жібереміз. Шақырылушының физикалық жағдайы мен денсаулығын, сонымен қатар психологиялық дайындығын, білім деңгейін, мамандығы мен біліктілігін тексереміз. Осы мәліметтердің нәтижелері бойынша оларды әскерлердің түр-түріне бөлеміз. Жасақталатын әскери бөлімдерде қажетті мамандықтарды ескере отырып, жастардың қатарын жаңадан толықтырамыз» деп түсіндірді Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы, подполковник Медет Тұрыскелдиев.

Іс-шараға қала әкімдігінің өкілдері, Қорғаныс істері жөніндегі департамент басшылығы, Қарулы Күштердің ардагерлері, сондай-ақ әскерге шақырылушылардың туыстары мен жақындары қатысты.

Әскери қызметке шақырылғандарға Қарулы Күштердің ардагерлері, интернационалист жауынгерлер мен ата-аналар жақсы нұсқаулармен сөз сөйлеп, әскери жолын лайықты өтіп «Үздік қызметі үшін» марапаттармен үйлеріне аман-есен оралуларына тілек білдірді.

ЕРЕКШЕ БАЛАЛАРДЫҢ ЕРЕКШЕ МЕРЕКЕСІ

Елордадағы «Тарлан» мұз алаңында айрықша физикалық қажеттіліктері бар балаларға арналған «Мұздағы көңілді старттар» отбасылық мерекесі өтті.



Іс-шарада 30-ға жуық ерекше қажеттілігі бар бала ата-анасымен бірге мұз үстіндегі спорттық эстафетаға қатысты.

Мүгедектер күніне орайластырылған бұл іс-шара демеушілердің көмегімен ұйымдастырылды. Мерекелік жарыста жүлделі орыннан көрінген отбасыларына естелік сыйлықтар берілді.

Ерекше физикалық қажеттіліктері бар балаларды әлеуметтік ортаға бейімдеу, отбасы мен қоғамда баланың тұлғалық дамуына жәрдемдесу, балалар үшін мазмұнды шаралар ұйымдастыру, сондай-ақ салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында өткізілген іс-шара балаларға да, ата-аналарға да жігер мен көңілді күй сыйлады.

ӘЛЕУМЕТ САУАЛЫ – ӘКІМ ЖАУАБЫ

– Жақында ғана Қарттар күні өтті. Мемлекет тарапынан оларға қандай қамқорлық жасалуда, елордада қанша зейнеткер қоғамдық жұмыстарға араласып отыр?

Алтай КӨЛГІНОВ, Астана қаласының әкімі:

– Бүгінгі таңда елордада 100 мыңнан аса зейнеткер қоғамдық жұмыстарға белсенді араласып, өз тәжірибелерімен алмасып, үлгі-өнеге көрсетіп келеді. Әр аға-буынымызға қаланың дамуына өз үлесін қосқаны үшін білдірер алғысым шексіз. Олар түрлі салада еңбек етіп, бірнеше ұрпақ тәрбиелеп, жастарға жөн сілтеп жүр. Мемлекет азаматтарға түрлі жағдай жасауда: зейнетақы мен түрлі төлемдердің мөлшері көтеріліп, карттарды қолдау бойынша шаралар қабылдануда және т.б. «Шарапат» әлеуметтік қызмет көрсету орталығы зейнеткерлерге толық қызмет көрсетеді. Өз тарапымыздан қаланың әлеуметтік орталықтарын алдағы уақытта да қажетінше қолдаймыз.

«АЛЖИР» ЛАГЕРІНІҢ КӨРМЕСІ АШЫЛДЫ

Астанада қуғын-сүргінге ұшыраған қазақ зиялыларының тағдырынан хабар беретін құнды құжаттар мен заттар қойылған көрме жұмысын бастады.

Мәдениет және спорт министрлігінің Сирек кітаптар және қолжазбалар ұлттық орталығында ұйымдастырылған көрмеге «Алжир» мемориалды кешенінен әкелінген тарихи құнды жәдігерлер, құжаттар мен заттар қойылды. Көрмені қала тұрғындары мен қонақтары тегін тамашалай алады.

Көрме қазан айының соңына дейін жалғасады.

АЛЛО, «АСТАНА АҚШАМЫ»!

Ару ЖАННАЗАРОВА, елорда тұрғыны:

– Мектепте оқушылардың ұялы телефон қолдануына тыйым салына ма, қалай болар екен?

– Орталық коммуникациялар қызметінде өткен брифингіде оқушылардың сабақ кезінде гаджеттерді ұстауына қатысты жауап берген Оқу-ағарту министрі Асхат Аймағамбетов былай деп мәлімдеді: «Өздеріңіз білетіндей, бізде тыйым салу деген оңай. Бірақ тыйыммен барлық мәселе шешілмейді. Ол мұғалім болғаннан кейін балалармен тиісті жұмыс жүргізуі керек. Сонымен қатар, біз барлық мектептерге арнайы құзірет бердік. Ол қандай құзірет ? Әр мектеп өзінің ішкі ережелерін өздері қабылдайды. Соның ішінде телефон қолдану тәртібін де бекітуге болады. Кейбір мектептерде сабақ басталған уақытта балалар телефондарын тиісті жерге қойып қояды. Ал енді кейбір мектептерде киреберісте арнайы жәшікке қалдырып кетеді. Ол бірінші кезекте мектептің қомқоршылық кеңесі мен педагогикалық кеңесінің құзыретінде» деп түсіндірді Асхат Аймағамбетов.

БАҒА НАРҚЫ ҚАНДАЙ?

10.10.2022

ELORDA.INFO

ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР ТАУАРЛАР ТІЗБЕСІ	«Астаналық» базар	«Әлем» базары	«Шапағат» базары	Көк базар (Шанхай)
Бірінші сортты бидай ұны	480	475	550	480
Бірінші сортты ұннан пісірілген нан	140	90	150	150
Макарон өнімдері	460	245	350	350
Қарақұмық жармасы	680	520	600	600
Тазартылған күріш	520	465	450	450
Картоп	140	190	130	150
Сәбіз	180	160	115	150
Пияз	180	150	109	150
Қырыққабат	150	50	100	150
Қант	600	480	550	600
Күнбағыс майы	1120	1100	1000	1100
Сиыр еті	2750	2700	2150	2500
Тауық еті	1605	1625	1530	1500
Пастерленген сүт	300	305	350	360
Айран	310	405	450	400
Сары май	4500	4500	4500	4000
Тауық жұмыртқасы (10 дана)	520	525	550	540
Ас тұзы	90	70	80	90
Сүзбе	1350	1300	1000	1100

№120 (4398) 11/10/2022 Сейсенбі

ЛИНГВИСТИКАЛЫҚ КОМИССИЯ БАҒАЛАДЫ

2022 жылғы 10 қазанда Қазақстан Республикасы Орталық сайлау комиссиясында Нұрлан Сатыбалдыұлы Әуесбаевтың мемлекеттік тілді еркін меңгергенін анықтау бойынша Лингвистикалық комиссияның отырысы өтті.

Лингвистикалық комиссия кандидаттың мемлекеттік тілді еркін меңгергенін үш бағыт бойынша анықтады: шығарма жазу, қазақ әдебиеті классиктерінің шығармасынан үзінді оқу, кандидаттың таңдаған тақырыбына көпшілік алдында сөз сөйлеуі. Емтихан аяқталған соң комиссия талқылау өткізіп, қорытындылады.

Отырыстың қорытындысын Лингвистикалық комиссияның төрағасы, филология ғылымдарының докторы, профессор Әділ Ахметов баяндады.

Кандидат «Түркістан – ер түріктің бесігі» тақырыбына шығарма жазды. Жазба жұмысы мазмұны, стилі, емлесі, тыныс белгілері бойынша бағаланды. Екінші тапсырма бойынша Жүсіпбек Аймауытұлының «Ақбілек» романынан ауызша үзінді оқыды. Үшінші тапсырма бойынша «Ана тілім – асыл қазынам» тақырыбына ойын ауызша баяндады.

Емтихан қорытындысы бойынша Лингвистикалық комиссия Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат мемлекеттік тілді еркін меңгергені туралы ашық дауыспен бірауыздан шешім қабылдады.

Сондай-ақ Орталық сайлау комиссиясы Қазақстан Республикасының Президенттігіне кандидат Жигули Молдақалықұлы Дайрабаевтың сәйкестігін белгілеу туралы қаулы қабылдады.

Кандидат Жигули Дайрабаевқа қатысты сайлау туралы Конституциялық заңның 59-бабының талаптарына сәйкес, ҚР ОСК уәкілетті мемлекеттік органдарға тиісті сұрау салулар жіберілгені хабарланды. Құзыретті мемлекеттік органдардан келген мәліметтерге сай азамат Жигули Молдақалықұлы Дайрабаевқа қатысты Қазақстан Республикасы Президенттігіне кандидат ретінде тіркелуге кедергілер жоқ екені анықталды.

«Ауыл» халықтық-демократиялық патриоттық партиясы атынан тіркелген кандидат Лингвистикалық комиссияның 2022 жылғы 8 қазандағы қорытындысы негізінде мемлекеттік тілді еркін меңгерген.

ОТАНДАСТАР ДАУЫС БЕРЕДІ

Қазақстандықтар Президент сайлауында Мәскеу, Санкт-Петербург, Қазан, Астрахань және Омбы қалаларында дауыс бере алады.

Мәскеу қаласы, Чистопрудный бульвары, 3 «А» мекенжайы бойынша Қазақстанның Ресейдегі елшілігінің ғимаратында №265 сайлау учаскесі, Санкт-Петербург қаласында – Рылеев көшесі, 10, №290 сайлау учаскесі жұмыс істейді. Оған 18 жасқа толған Қазақстан азаматтары барып дауыс беруге қатыса алады.

Сонымен қатар Астана уақыты бойынша сағат 10:00-ден 23:00-ге дейін Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауында Қазан, Астрахань және Омбы қалаларындағы Қазақстан Республикасының Бас консулдықтарының жанындағы сайлау учаскелерінде дауыс беруге болады.

Бауыржан ЖАНҚОНАҚОВ,
Астана қалалық мәслихатының депутаты:

ДҰРЫС ТАҢДАУ ЖАСАЙМЫЗ

– Елімізде қоғамдық-саяси өзгерістер жүріп жатыр. Қазір мұны жұртшылық бұрынғыдан да жақсы сезініп, Қазақстандағы алдағы жақсы өзгерістерге халық көбірек атсалысуда. Осының аясында көптеген адам жаңартуларды күтуде. Өйткені Президент сайлауынан кейін Парламент Мәжілісі мен мәслихаттар сайлауын күтіп отырмыз. 5 маусымда біз дауыс берген реформалар өзгерістердің бастауы болды. Сонымен қатар әлемдегі геосаяси жағдай шиеленісіп, бұл Қазақстан экономикасы мен халықтың өмір сүру деңгейіне әсер етуде. Әлемдік қауымдастық шиеленісіп тұр. Біз жеке – ішкі ғана емес, сонымен бірге жаһандық – сыртқы туралы да ойлағанымыз дұрыс, мұның бәрі елімізге қалай әсер ететінін талдауымыз керек. Сондықтан елімізде бұдан да зор бірлік пен татулыққа, бірлікке ұмтылғанымыз жөн. Алдағы сайлау елімізге қажет саяси жүйені жаңартудың маңызды кезеңі деп білемін. Барлық реформаларды өмірге әкелу маңызды. Бұл референдум қорытындысының бір бөлігіне айналып, мемлекет пен халық арасындағы қарым-қатынасқа оң әсер етеді. Кезектен тыс президенттік сайлауды және кейінірек парламенттік сайлауды өткізуді саяси жүйені жаңғырту аясында Мемлекет басшысы ұсынған реформалар кешенінде қарастырған жөн. Әңгіме, ең алдымен, Қасым-Жомарт Тоқаев президенттік қызметінің басында айтқан реформалардың толық жүзеге асырылуы туралы болып отыр.

Еліміздегі саяси трансформация процесінің қисынды қорытындысы бола отырып, биліктің барлық тармағын қайта бастау үшін кезектен тыс президенттік, содан кейін парламенттік сайлаулар өткізу қажет. Мемлекеттік құрылымымыздың саяси моделі қазір трансформация мен жаңғыру үстінде. Ал биліктің барлық тармағында Конституцияға қабылданған түзетулерден кейін өзгерістер де болуы керек және болады. Сондықтан саяси реформалардың бүкіл кезеңін жалғастыру үшін президенттік және парламенттік сайлаулар қажет. Өз кезегінде, бір реттік президенттік билікті енгізу Мемлекет басшысының барлық күш-жігері мен барлық әлеуеті дәл бір мерзімге шоғырлануы, реформалар мен қайта құрулар келесі мерзімге қалдырылмауы үшін қажет. «Президент боламын, маған алты ай уақыт беріңіз, мен бүкіл әлемді төңкеремін» деген сөз жоқ. Тарихқа көз жүгіртсек, бәрі де бірте-бірте осыған қарай жылжып келеді. Қазір елімізде болып жатқан үдерістер дәл осындай форматты, осындай үлгіні қажет етеді. Бес жыл реформалар мен міндеттердің бүкіл циклін аяқтау үшін жеткіліксіз. Мен Қазақстан халқы 20 қарашада «Жаңа Қазақстан» үшін дұрыс таңдау жасайтынына сенемін.

Дмитрий ОСТАНЬКОВИЧ,
Астана қалалық «Радима» беларус мәдени орталығының төрағасы:

ЕЛ ТАҒДЫРЫ – ӨЗ ҚОЛЫМЫЗДА

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 1 қыркүйектегі халыққа Жолдауында Әділетті Қазақстанды құру жолында жан-жақты және түбегейлі реформаларды табысты жүзеге асыру үшін халықтың жаңа сенім мандаты қажеттігін атап айтты. Сондықтан алдағы уақытта біздің барлық басты мемлекеттік институттарды кезең-кезеңмен қайта дамыту жұмысы күтіп тұр.

Бұған дейін жарияланған электоралдық кестеге және еліміздің Ата заңына сәйкес, 2022 жылдың 20 қарашасында Қазақстанда кезектен тыс Президент сайлауы өтеді. Сайлау ең алдымен ел азаматтарының әл-ауқаты мен өмір сүру сапасын көтеретін, тұрақты экономикалық өсімге ықпал ететін ұзақмерзімдік міндеттерді шешуге, күш-жігерімізді жұмылдыруға мүмкіндік береді.

Өзінің халыққа Жолдауында Президент алдағы уақытта жүзеге асырылатын бірқатар ауқымды әлеуметтік-экономикалық іс-шараларды жария етті. Менің ойымша, Мемлекет басшысы өзінің сайлау алдындағы тұғырнамасында еліміздегі әлеуметтік-экономикалық прогреске жетуге бағытталған жаңа бастамаларын қоғамның назарына ұсынады.

Бұл сайлауда елдегі әрбір азамат өзінің бүгіні мен болашағы үшін жауапкершілігін, халқымыздың біртұтастығын танытуы үшін Президент сайлауына қатысып, өзінің таңдауын жасауы керек. Өйткені ел тағдыры және оның келешегі – біздің қолымызда.

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Elorda Aqparat» ЖШС – «Astana aqshamy», «Вечерняя Астана» газеттерінің және «elorda.info» желілік басылымының меншік иесі Қазақстан Республикасының 28.09.1995 жылғы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңына және Қазақстан Республикасы Президентінің 2022 жылғы 21 қыркүйектегі «Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын белгілеу туралы» Жарлығына сәйкес, 2022 жылы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына қатысатын тіркелген кандидаттарға сайлау алдындағы үгіт-насихат материалдарын жариялау үшін баспасөз беттерінен орын беру талаптары туралы хабарлайды.

Баспасөз бетіне берілетін үгіт-насихат материалдарын беру 2022 жылғы 20 қарашада Қазақстан Республикасы Президентінің сайлауына қатысатын Қазақстан Республикасының Президенттігіне тіркелген кандидатқа баспа үгіт материалдарын орналастыру үшін газетпен жасалған жазбаша шарт негізінде жүзеге асырылады. Кандидаттың (сенімді өкілдің) баспасөз бетіне берілетін үгіт-насихат материалдарын беру туралы газеттермен шартқа қол қоюы кандидаттың (сенімді өкілдің) сайлау алдындағы үгітті жүргізуге байланысты қызметтерді газеттерден қабылдауға келісімі болып табылады.

МЕКЕМЕГЕ БЕРІЛЕТІН ЖАЗБАША ӨТІНІШ – МАТЕРИАЛ МЫНАДАЙ АҚПАРАТТЫ ҚАМТУЫ ТИІС:

- *Тіркеу нөмірі, жазбаша өтініштің күні мен уақыты;*
- *Кандидаттың аты-жөні, жазбаша өтініш берген сенімді тұлғаның аты-жөні;*
- *Жазбаша өтініш беруге тұлғаның өкілеттігін растайтын құжаттар – кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) жеке куәлігі, уәкілетті мемлекеттік орган берген кандидаттың (сенім білдірілген тұлғаның) куәлігі, ҚР заңнамасына сәйкес өзге де құжаттар;*
- *Газет бетінде жоспарланған көлем мен оның уақыты, үгіт-насихат материалдарының түрі көрсетілген жазбаша өтініштің мазмұны;*
- *Кандидаттың немесе сенім білдірген тұлғаның қолы.*

«Elorda Aqparat» ЖШС жазбаша өтінішті 2022 жылдың 21 қазанынан бастап 18 қарашасына дейінгі аралықта Астана қаласы, Достық көшесі, 13 (222-кабинет) мекенжайы бойынша күн сайын, демалыс және мереке күндерінен басқа күндерде, сағат 10:00-ден 18:00-ге дейін қабылдайды.

Жарияланымдарда олардың төлемі, материалдарға жауапты тұлғалар, қаржыландыру көздері, ақпарат берген адамның тегі туралы мәлімет қамтылуы тиіс.

«Elorda Aqparat» ЖШС баспа материалдарын орналастыру кезегін жазбаша өтініштердің түсу тәртібімен белгілейді.

Үгіт-насихат материалдарын «Elorda Aqparat» ЖШС-ке жоғарыда аталған газеттер шығардан 1 (бір) күн (жұмыс күні) бұрын шартқа қол қоюға уәкілетті тұлға келісілген (қол қойған) материалын модуль немесе мақала түрінде жеткізілуі тиіс.

Басылымдар кандидаттар ұсынған үгіт-насихат материалдарында конституциялық құрылымды күшпен өзгерту, республиканың тұтастығын бұзу, мемлекет қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, әлеуметтік араздықты, нәсілдік, ұлтаралық, дінаралық, рулық, тайпалық алауыздықты қоздыру, сондай-ақ заңнамада қарастырылмаған әскери күштерді құру секілді идеялар болған жағдайда бас тартуға құқылы.

Газет ұсынылған үгіт-насихат материалдарында қандай да бір кандидаттың немесе саяси партияның ар-намысына, абыройына және іскерлік беделіне нұқсан келтіретін ақпарат болған жағдайда оны жариялаудан бас тартуға құқылы.

Ұсынылған ақпаратта көрсетілген жариялау орындарын ұсыну талаптары мен тәртібі уәкілетті органдардың талаптарына сәйкес түзетілуі мүмкін.

МАТЕРИАЛ ЖАРИЯЛАУҒА ҰСЫНЫЛАТЫН БАСПАСӨЗ БЕТІНІҢ КӨЛЕМІ БОЙЫНША ТӨЛЕМ МӨЛШЕРІ МЫНАДАЙ:

1. «Astana aqshamy» және «Вечерняя Астана» газеттерінің бетінде материал шығарудың 1 шаршы сантиметрінің құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – 1265 теңге.
2. Жарияланған материалды «astana-akshamy.kz» және «vechastana.kz» газеттерінің сайтында қайта шығару құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **30000** теңге.
3. Жарияланған материалды «elorda.info» сайтында қайта шығару құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **30000** теңге.
4. Тапсырыс беруші ұсынған (2000 белгіге дейін болуы шарт) мақаланы «elorda.info» сайтында жариялау құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **40000** теңге.
5. Мақаланы жазып, «elorda.info» сайтында жариялау құны, ҚҚС-ын қоса есептегенде – **80000** теңге.

Төлемақы «Elorda Aqparat» ЖШС ұсынған шотқа осындай шот жіберілген күннен бастап 5 (бес) банк күні ішінде аударылады.

Төлемақы тиісті келісімшартта көрсетілген «Elorda Aqparat» ЖШС-тің банктегі реквизиттеріне аударылады.

«Elorda Aqparat» ЖШС директоры
О.СЫДЫҚБЕК

ЕСІЛДІҢ БАЛЫҒЫ КӨБЕЙДІ

Астана қаласынан 1153 шақырым қашықта орналасқан Күршім ауданынан (ШҚО) 100 мың ақ амур, 96 мың тұқы балығы жеткізіліп, Есіл өзеніне жіберілді.

Нұрлат БАЙГЕНЖЕ

Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының бастамасымен, Астана қаласының әкімдігі мен мәслихатының қолдауымен өткен іс-шараны көруге келген адамның қарасы қалың. Сала мамандарынан бөлек, қала тұрғындары мен мектеп оқушылары да бой көрсетті. Бірі «Есіл өзенінде балық көбейетін болды» деп қуанып жүрсе, екіншісі қармақпен балық құратынын жоспарлауда. Жиналған жұрттың шынайы эмоциясын көріп, жауапты істің маңызын түсіне түстік.

«ЖасНұр» өндірістік-шаруашылық кәсіпорны» ЖШС балық өсіру шебері Қарлығаш Дүйсенбай:

– Елдің солтүстік өңірлеріндегі су айдындарында шортан, көксерке, алабұға, мөңке, қарабалық, дөңмаңдай, тұқы, ақ амур және т. б. балық түрлері кездеседі. Есіл өзенінен бөлек, «Вячеслав» және «Қоянды» су қоймасына балықтың екі түрін жіберуге басымдық береміз. Олар: ақ амур шөптің балансын сақтайды, яғни шылау мен балдырдың шамадан тыс көбейіп кетуінен сақтайды. Тұқы – қорек талғамайды, тұщы және тұзды суда да өмір сүріп, тез өседі. Әрі қармаққа жақсы түседі. Балықтың бұл түрі әуесқой балықшылар үшін өте қажетті десек, сол секілді нарықта да үлкен сұранысқа ие. Осы себепті «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС балықтың соңғы екі түрін сатып алып, Есілге жібердік, – деп түсіндірді.

Шығыс Қазақстан облысын елдің балығы ең көп өңірі деуге болады. Бұл облыстың су айдынында 59 ірі кәсіптік балық аулау учаскесі және 97 шағын балық шаруашылығы бар. Жыл сайын 12 негізгі кәсіптік балық түрлері бойынша 10 мың тоннадан аса балық ауланады.

Балық шаруашылығы саласын дамытудың негізгі бағыты – акваөсіру (жасанды балық өсіру), көлде және тоғанда балық ұстаумен ерекшеленеді. Балық өсіріп, өңдеудің үш бағытын ұстайтын «Бұқтырма уылдырық шашу-өсіру шаруашылығы» ЖШС басшысы Сымбат Әнуарбековті сөзге тарттық.

– Шығыс Қазақстан облысының табиғи-климаттық және географиялық жағдайына сәйкес, тауарлы балық шаруашылығын дамытуды жолға қойдық. Есілге жіберілген тұқы мен ақ амур – тез көбейетін балықтар. Мәселен, ақ амур жыл сайын шамамен 10 сантиметрге дейін өсіп, дене тұрқы 1 метрге жетіп, салмағы 32 келіден асады. Ал тұқының тауарлық салмағы 1250-1500 грамм, ұзындығы 39-41 сантиметр болады. Өте дәмді балық. Сондықтан нарықта сұраныс өте жоғары. Бұл екі балықтың бір-біріне ешқандай зияны жоқ, бір ортада көбейе алады, – деді ол.

Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы адам басына шаққанда жылына 16 келіден кем емес балық тұтынуды ұсынса, Қазақстанда бұл көрсеткіш бір адамға 4 келіден келеді. Өз кезегінде, Ресейде адам басына 23 келі, Қытайда 45 келі балық тұтынады.

Қазақстанның балық өсіру және көбейтуде потенциалы жоғары. Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы ұсынған нормаға қол жеткізуде шамамен 300 мың тонна балық өсіру қажет. Алайда су қоймаларында балық ресурсының азайғаны байқалады. Сондықтан балықтың түрлік санын тиісті реттеу үлкен маңызға ие. Міне, Есіл өзенін балықтандыру шарасы мұнысымен маңызды.

Үш жасар ұлын ертіп жүрген Руслан есімді азамат:

– Жексенбі күндері қаланың күйбең тіршілігінен арылып, балық құратын кездерім болады. Әуесқой балықшы ретінде өзенде балықтың азайып кеткенін жақсы білемін. Сондықтан Есілді балықтандыруын қуанышпен қабылдадым. Баламның дүниетанымы қалыптасып, өмірді танитын кезі ғой. Бүгінгі шара қандай әсерлі болды! – деп эмоциясымен бөлісті.

Күз – су айдындарына балық жіберуге ең қолайлы маусым. Берекелі күзде Есілдің балығы көбейе берсін.

ЖАҢА ФОРМАТТАҒЫ СЕНБІЛІК

(Соңы. Басы 1-бетте)

Гүлбаршын ӨКЕШҚЫЗЫ

Экологиялық сенбілікке қаланың төрт ауданының тұрғындары да белсене атсалысты. Қала белсенділері әсіресе елорда айналасындағы «жасыл белдеуді» қоқыстан тазартуға ерекше күш жұмылдырды.

«Астана жастары» ҚММ басшысы Шыңғыс Тілеулиннің айтуынша, бұл жолғы сенбілік бұрынғылардан өзгеше болды.

– Қазір біз қоқыс полигонындамыз. Оның сыртында күл-қоқыс толып жатыр. Сондықтан біз полигонға іргелес жерлердегі қоқыстарды жинайық деп шештік. Бұл жолғы сенбілік жаңаша форматта өтті. Егер бұрын жай ғана келіп аумақты қоқыстан тазартатын болсақ, бұл жолы жастар әкімдік ұйымдастырған конкурсқа және концертке, сондай-ақ спорт іс-шараларына белсене қатысты, – деді Ш.Тілеулин.

Жұртшылықтың, әсіресе жастардың назарын орман екпелерін, демалыс орындарын қоқыспен ластау проблемасына аудара отырып, елордадағы экологиялық жағдайды жақсартуға жәрдемдесу, қоршаған ортаға ұқыпты қарауды насихаттау мақсатында ұйымдастырылған шараға 3600 адам қатысты. Олар қаланың саябақтары мен скверлерінде тазалау жұмысын жүргізіп, 385 гектар аумақтан 100 тоннаға жуық қоқыс жинады. Бұл ретте бас шаһардың барлық кәсіпорындары, меншік иелерінің бірлестіктері мен пәтер иелерінің кооперативтері, шағын және орта бизнес субъектілері, еріктілер мен белсенді тұрғындар сенбілікке шығып, мекемелерінің жанындағы алаңдар мен аула аумақтарын тазалады.

Экологиялық сенбілікке елордалық волонтерлер де белсене атсалысты.

– Мұндай акцияға бірінші рет қатысып отырған жоқпын. Менің ойымша, қазір қалада қоқыс аз, өйткені жастар оларды дұрыс өңдеуді, контейнерге тастауды үйренді. Еріктілер мұндай акцияларда қала ішінде және қала сыртындағы қоқыстарды жинайды. Қоқысты дұрыс өңдеу маңызды екенін атап өткім келеді, өйткені біз болашақ ұрпаққа таза табиғатты қалдыру үшін қаламызды таза ұстауды, қоршаған ортаны сақтауды үйренуіміз керек, – деді елордалық ерікті Самрат Қақабаев.

Экологиялық акция аясында өскелең ұрпаққа арналған конкурстар, атап айтқанда, армрестлинг, арқан тарту, гір көтеру секілді спорт ойындары және қалдықтарды бөлек жинау тақырыбында викториналар өткізілді. Жеңімпаздарға алғыс хат пен сыйлық табыс етілді.

Алматы ауданы бойынша жыл басынан бері осындай экологиялық акцияға 44000-нан астам адам қатысты. Соңғы кездері ұйымдастырылған төрт сенбілікте аудан аумағындағы 465 аулада тазарту жұмысы жүргізіліп, 270000 шаршы метрден асатын саябақтар мен скверлердің аумағы күл-қоқыстан арылды және 300-ден астам аялдама павильоны жуылды. Бұл шаралар барысында аудан тұрғындары ерекше белсенділік танытты.

«Үлкен қаланы ортақ күш-жігермен ұстауға болады. Бірлескен жұмыс арқылы ғана қоршаған ортаға жақсы күтім көрсетіліп, ауданымыз тазарады. Біз тұрғындардың ауданға деген сүйіспеншілігінің артып келе жатқанын көреміз және ол күннен-күнге гүлденуде» деді аудан тұрғыны Мадияр Нөгербеков.

Айлық уақытында аудан бойынша рұқсат етілмеген бес қоқыс полигоны жойылып, аумақтан 2553,48 тонна қоқыс шығарылды. Қоғамдық кеңістікте 2000-ға жуық ағаш отырғызылды. «Біз табиғаттағы ластауға қарсымыз» акциясы аясында ауданның 450-ге жуық тұрғыны жиналып, «Железнодорожный», «Күйгенжар», «Интернациональный», «Оңтүстік-шығыс» тұрғын алаптары мен «Отау» шағын ауданының аумағын тазартты.

Іс-шара соңында Манас көшесінен Ғ.Мұстафин көшесіне дейін 400000 шаршы метрден астам жер тазартылып, полигонға 80,52 тонна қоқыс шығарылды. Осы жұмыстарға 100 бірлік техника тартылды.

Экологиялық акция 15 қазанға дейін жалғасады.

ЖАРЫҚТАНДЫРУ ЖҮЙЕСІ ЖАҢАРТЫЛДЫ

Елордада көшелерді жарықтандыру жүйесі жаңартылып, тұрғындардың ыңғайлы әрі қауіпсіз қалада өмір сүруіне барлық жағдай жасалуда.

Биыл Алматы ауданы бойынша 8126 қайта жарықтандыру жүйесі жаңартылды, оның 2728-і аулаларға және 5398-і негізгі көшелерге жарық беріп тұр.

Алматы ауданы әкімдігі тіршілікті қамтамасыз ету бөлімінің басшысы Ерлан Сәрсекееевтің айтуынша, бұл бағытта атқарылып жатқан жұмыс аз емес.

– Тұрғындардың жайлылығы мен қауіпсіздігі – біздің басты міндетіміздің бірі. Аудан аумағы күн сайын нұрлануда. Біздің алдымызға тұрғын үй алаптары бойынша дәл осы мәселе қойылған болатын. Осы жылдың соңына дейін жұмыс әлі де жалғасады. Алдағы уақытта аудан аумағындағы Айнакөл, Ғ.Мүсірепов, С.Нұрмағамбетов көшелерінде жаңа жарық нүктелерін орнатуды жоспарлап отырмыз, – деді Е.Сәрсекеев.

Сонымен қатар елордадағы Жеруйық-2, Қордай (Айнакөл көшесінен Р.Қошқарбаев даңғылына дейінгі жерді алып жатқан Қордай көшесінде), Обаған және Астана-Қарағанды тасжолынан гольф клубына дейінгі аралықта орналасқан Х.Болғанбаев көшелерінде сыртқы жарықтандырудың жаңа желілері пайда болды. Осы аумақта жалпы саны 133 тірек пен шам пайда болды.

Мамандардың мәлімдеуінше, биыл аудан бойынша барлығы 368 аулада сыртқы жарықтандыру жаңартылды.

№120 (4398) 11/10/2022 Сейсенбі

БАЙ БОЛСАҢ, САЛЫҒЫҢ МАЙЛЫ БОЛСЫН

Байлыққа салық салу мәселесі елімізде 2020 жылдан бері айтылып келеді. Бұл сөз тіпті жақында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың да аузынан шықты. Содан бері бұл жай қоғамда қызу талқылану үстінде. Енді оны заң жүзінде жүзеге асырудың жолдары қандай? Ол тек қымбат көліктерге қатысты болса, нақты қандай көліктерге? Міне, осы мәселені көпшілік жан-жақты білгісі келеді. Бір анығы, жаңа салықты 2024 жылдан бастап енгізу жоспарлануда.

Таңатар ТӨЛЕУҒАЛИЕВ

Міне, біз осы мәселелер төңірегінде Қазақстан Республикасының Ұлттық экономика министрлігіне хабарласқанбыз.

– Иә, байлыққа салық салу мәселесі кейінгі кезде нақты көтеріліп жатыр. Бұл туралы қазір заң жобасы да дайындалуда. Салық салу, негізінен, яхта, жеке ұшақ пен элиталы үйлер мен пәтерлерге, автомобиль, басқа да жылжымайтын өте қымбат дүниелерге қатысты болмақ. Алайда олардың құны қанша болуы керек деген жағдай әлі нақтыланған жоқ. Дегенмен біздің пайымдауымызша, салық бағасы 100-150 мың доллардан жоғары көліктерге салынатын сияқты, – деді өзін Қамбар Сәлимов деп таныстырған министрлік өкілі.

– Ауқатты, бай қазақстандықтар өз отандастары алдында әлеуметтік жауапкершілік жүктеуі тиіс әрі ол елдің дамуына оң әсер етуі қажет. Байлыққа салынатын салықтың түпкі мақсаты сонда, – дейді бұрынғы Сенат депутаты Ерболат Мұқаев. – Бұл жерде бір нәрсені ескеру керек. Табыс көзі көп, олигарх азаматтар біздің елімізде қазір, құдайға шүкір, көбейді. Солардан осындай салықтар арқылы мемлекет бюджетіне қомақты ақша түсіріп, ол елдегі кедейлікті жоюға, тұрмысы төмен адамдарға әлеуметтік көмек көрсетуге бағытталуы керек.

Байлыққа салық салу деген бастаманы өткен жылы алғаш рет көтерген Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының депутаты Мұрат Бақтияруды еді. Ол тіпті көлемі 300 шаршы метрден асатын пәтерлер мен 400 шаршы метрден асатын жеке үйжайларға (особняк), 2020-2021 жылдары шығарылған «Aston Martin», «Bentley», «Ferrari, Maserati», «Люкс», «Премиум», «Mercedes-Benz», «Lexus», «Cadillac», «Land Rover» маркалы қымбат көліктерге, сондай-ақ яхтасы, ұшақ пен тікұшақтары барларға салық салған әділетті болады деген пікірін ашық білдірді.

– Мұндай салық дүниежүзінің көптеген елдерінде бар. Мәселен, 500 шаршы метр үй-жайы бар адам мен 30 шаршы метр шағын бөлмеде тұратын адамды салыстыруға болмайтын шығар? Шетелде осыны ойлап, байлар артық ақшаларынан, көл-көсір байлықтарынан кедей-кепшіктерге де бірдеңе тисін деп айқай-шусыз, дау-дамайсыз өз еріктерімен бөлісіп жатады. Ал бізде осындай әділетсіздіктің салдарынан қаңтар қырғыны орын алды. Мен сізге айтайын, қазір Астанадан ұшып кетіп, кешкі асын Лондонда ішетін бай-бағландар мен қатар біздің елде тамаққа ақша жеткізе алмай жүргендер жетерлік. Ешкім саған 500-600 шаршы метр сәулетті сарайдың иесі болуға тыйым салып жатқан жоқ. Тек қосымша салығыңды төле де тұра бер. Міне, бұл идеяның негізгі ұстанымы осы болып отыр, – дейді қаржы сарапшысы Махамбет Өміртайұлы.

Сонымен қатар байлыққа салынатын салықты жақтаушылар бұл жерде «белден басуға» болмайтынын қатаң ескертеді. Егер қызды-қыздымен бұл салық орта тап өкілдерінің мойнына салынып кетсе, өте қиын болады. Сондықтан асыра сілтеуден сақ болуға шақырады.

ЖЫЛЫНА 25 МИЛЛИОН ТЕҢГЕДЕН КӨП ТАБАТЫНДАР ҮШІН 10%-ДАН ЖОҒАРЫ ТАБЫС САЛЫҒЫН БЕЛГІЛЕУ ҚАЖЕТ

Расы керек, бизнесі, өзіндік кәсібі болғанмен, ел тұрғындарының 95 пайызы – орта тап өкілдері. Осы тұрғыда салықтың кімдерге салынатынын нақты айқындап алу керек. Сосын мұны рейдерлік басып алу немесе біреудің байлығын тартып алу еместігін заңмен бекітіп тұрып, сіздің хан сарайындай сәулетті үй-жайыңызды, қымбат машинаңызды ешкім алып қойып, өміріңізге қауіп төндірейін деп отырған жоқ. Тек осы байлық сізде болғаны үшін сіз қазынаға қомақты қаржы төлейсіз. Сол үшін мемлекет сіздің меншігіңіз бен қаржыңызды және өзіңізді қорғайды» деп алдын ала жан-жақты түсінік жұмыстар жүргізу аса маңызды, – дейді қаржы сарапшысы.

– Бұл жерде «сән-салтанат салығы» деген ұғымды нақтылап, түсініп алу керек, – дейді кәсіпкер Айқын Жанболат. Оған нелер жатады? Антиквар картиналар ма, жауһар, жаһұт бұйымдар ма, әлде қара уылдырық па? Қазынаның ортайған қоржынын толтыру үшін «пілдер» мен «акулалардың» орнына орта бизнесте жүрген еңбектің қара нарлары кетіп қалып жүрмесін, – дейді сарапшы Ермек Қасиет. – Қазіргі үйіміз бен көлігімізді, басқа да жылжымайтын дүниелерімізді маңдай терімізді төгіп жүріп, қол жеткіздік. Бұл біздің – ақы адал еңбегіміз. Әрі оған жыл сайын салық төлеп отырмыз. Осы да жетпей ме?

Мен сізге айтайын, нағыз байлар оңай тапқан дүниелерін ешқашан өз атына жаздырмайды. Ал өз атына жаздырып, соның рақатын көрсем дейтін нағыз еңбекқор жандар. Оларды байлар қатарына қосып, қосымша салық төлеттірсе, ол салық қайда барады? Қазынаға ма? Мен «бұл ақшалар жоқ-жітіктерге жетеді» дегенге онша сеніңкіремеймін.

– Біздің жағдайымызда «элиталы үй» деген не? Алты-жеті баласы бар фермер 200-300 шаршы метр үй-жайда тұрса, ол оның «элиталы үйі» бар болып санала ма? Немесе сол фермер қозғалтқышы 4-5 литрлік жол таңдамайтын көлік мініп жүрсе, ол керемет бай болып санала ма? Ал бірнеше жерде жұмыс істейтін табысы жоғары мемлекеттік қызметкер жалпыға ортақ табыс декларациясын тапсырса қалай болады? Мемлекет олардың табысын бөліске салмау керек. Мемлекет бірнеше жер телімі бар, күнде ауыстырып екі-үш өте қымбат көлік мініп жүрген супер байларға назар аударуы қажет. Бірақ тексере келсеңіз, солардың біреуі де олардың атында болмай шығады.

Бұған дейін салынып келген жеке табыс салығын салудың прогрессивті шкаласына қайта оралу жөнінде бір алқалы жиында Президент Қасым-Жомарт Тоқаев айтып қалды. Бұрын айына 250-300 мың теңгеге дейін табыс табатындар 7% салық төлейтін. Ал орта таптың салығы 10%-дан аспайтын. Енді Мемлекет басшысы: «жылына 25 миллион теңгеден көп табатындар үшін 10%-дан жоғары табыс салығын белгілеу қажет. Олардың қандай сома төлейтінін комиссия анықтайды. Бұл 13 немесе 15% болуы мүмкін, бірақ 15%-дан аспағаны дұрыс» деп ұсыныс айтты.

Міне, осылардың барлығын салмақтай келіп, бір оңтайлы тұжырым жасалуы керек. Әрине, «жемесең де май жақсы, бермесе де бай жақсы дегендей, дәулетті адамдардың көп болғаны жақсы. Бірақ олар қазір қолындағы жиған-тергенін оңайлықпен бере қоймайды. Кедей-кепшікпен өз ықтиярымен бөліспейді. Сондықтан оларды салықты көбірек төлеу арқылы қоғамға пайда тигізуді көздеу – өте дұрыс тұжырым. Сарапшылардың пікірінше, дәл қазір біздің елге прогрессивті салықты да, байлық салығын да қатар енгізген дұрыс көрінеді. Сонда ғана әділеттілік орнап, бай мен кедейдің арасы бір саты болса да жақындай түсер еді деген ой-пікірге көпшілік келісіп отыр. Енді осы негізде жаңа заң жобасын әзірлеу Еліміздің Ұлттық экономика министрлігіне тапсырылды. Құжат келесі жылы үкіметке ұсынылмақ. Мәселенің мән-жайы сол кезде нақты белгілі болады.

Шыны керек, біз қазір «Әдептілік – әдемілік» деген сөзді ұмыттық. Кез келген жерге «былш» еткізіп түкіреміз, қақырамыз, тіпті біреудің көзінше сіңбіре саламыз! Мұндай әбес қылыққа айналаңдағы адамдардың жай жиіркенішпен қарағаны былай тұрсын, заң жүзінде жазаға тартылатынын жұрт біле бермейді. Білмегені шығар, биыл елордада көшеге түкіргені үшін 6300 адамға айыппұл салынған. Тамыз айында астаналық полицейлер екі күнде көшеге түкірген 23 адамды «Сергек» камераларының көмегімен анықтап, әрқайсына 15900 теңгеден (5 АЕК) айыппұл төлеткен.

ТҮКІРІГІҢ ЖЕРГЕ ТҮССЕ – АЙЫППҰЛ!

Төлен ТІЛЕУБАЙ

ЖАЗАНЫ ҚАТАЙТАЙЫҚ!

Десек те елімізде көшеде түкіріп-қақырғандарға заңмен тыйым салынбаған. Өткен айда екі мегаполис – Астана мен Алматының мәслихат депутаттары түкіргіш, қақырғыш, сіңбіргіш азаматтарды заң жүзінде жазалауды ұсынды. Астана қалалық мәслихатының депутаты Салтанат Дженалаева елорданың көшелері ғана емес, бақтар мен саябақтар түкірік пен қақырықтан аяқ алып жүре алмайтын алаңдарға айналғанын қынжылып жеткізді. «Өзіміз де кешкілік таза ауаға серуендеуге шыққанда күнде көретініміз – түкірік! Күлқоқыс тастайтын жәшіктердің айналасынан өту мүмкін емес. Автокөлік жүргізушілері де бағдаршамда тұрып, көлігінің есігін ашады да бар күшімен қақыра салады. Қала тұрғындары да бұл мәселеге қатысты қаншама рет шағым айтты. Меніңше, бұлай қалдыра бермей, әдепсіз, мәдениетсіз адамдардың жаман қылығына заңмен тыйым салуымыз керек» деген ұсыныс айтты депутат.

Бұл ұсынысқа жауап қатқан елорда әкімі Алтай Көлгінов: «Бұл – өте ұят нәрсе. Бәлкім, шетелдік тәжірибеден үйреніп, түкіргендерге салынатын айыппұлды көбейту керек шығар. Мысалы, Сингапурда түкірген адамға өте үлкен көлемде айыппұл салынады. Халықпен кездесулерде тұрғындар ауламыз қоқысқа, шемішкенің қабығына толып кетті деген шағымдар айтады. Менің жауабым мынау: мемлекет жайлы, әдемі аула салып берді. Ендігі қожайыны – тұрғындар. Оны күтіп ұстау, тазалық сақтау – тұрғындардың шаруасы. Әр адам өз үйінде шемішке шағып, қабығын лақтыра бермейді ғой. Аулаға да, көшеге де, қалаға да осындай көзқараспен қарайық» деп жауап берді. Сайып келгенде, астаналық депутаттар көшеде түкірген автокөлік жүргізушілерін бейнекамералардың көмегімен анықтап, айыппұл салу жөнінде шешім қабылдады. Тәртіп бұзушылар автокөлігінің нөмірі бойынша анықталады.

Алматы қалалық мәслихатының депутаты Сергей Пономарев та қоғамдық орындарда, көлік жолдарында түкіргендерді (бұған қоқыс, темекі қалдығын, сағыз лақтырғандарды, шемішке қабығын тастағандарды қосты) қатаң жазалауды ұсынып, өз әріптестерін көшеде жүріп-тұрудың қосымша ережелерін дайындауға шақырды. «Әсіресе қоғамдық орындарда, тас жолдарда түкіріп, қақырғандарды аямай жазалайық. Түкірік арқылы ауаға қаншама ауру таралып, адамдардың денсаулығына зиян келуде» деді ол.

Қоғамдық орында түкіру әдепсіздік қана емес, гигиенаға жат, аурулардың таралуына жол ашатын жиіркенішті қылық. Себебі дәрігерлер жерге түскен түкірік пен қақырықтың кепкеннен кейін әртүрлі бактерияларды қоршаған ортаға тарататынын дәлелдеген. Яғни ауру адамның түкірігі арқылы дені сау адамға дерт жұғады. Кепкен түкіріктегі бактериялар шаң-тозаңмен жоғары көтеріліп, адамдардың аяқ киімі, үстіндегі киімі, қолындағы заты арқылы үйіне ілесіп барады. Халық қалаулыларының көшеде түкіруге тыйым салу туралы ұсынысын Денсаулық сақтау министріміз Ажар Ғиният та қолдады. «Бұл ұсынысты толық қолдаймын. Жағымсыз мәдениеттің көрінісі, әдепсіздік, гигиенаға жат. Сол себептен бұл мәселені қоғаммен бірге талқылап, Парламент депутаттарының назарына ұсынуымыз керек. Кез келген тыйым салынған соң ол жазаға айналады» деп түсіндірді журналистерге мәселенің мәнісін құзырлы ведомство басшысы.

ӨКІНІШКЕ ҚАРАЙ, СИНГАПУР ЕМЕСПІЗ

Бүгінгі таңда түкіріп-қақырғаны үшін тікелей жаза болмаса да, бірді-екілі жауапкершілікке тартылғандар бар. Мысал келтірейік. 2017 жылы астаналық полицейлер автобус аялдамасына түкірген бір азаматты ұстап, 17 мың теңге айыппұл салған. Ал 2021 жылы көпқабатты тұрғын үйдегі лифтте түкірген адам 10 күнге абақтыға қамалды. Қазір біздің заңнамамызда түкіргені үшін жекелеген жаза жоқ. Оқта-текте айналасына былш-былш түкіргендерді «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» кодекстің 434-2 бабын жұрт біле бермейді. Полицияның жедел басқару орталығында көп бейнекамералар бар. Солар арқылы көшедегі заң бұзушылық іс-қимылдар тіркеліп, түкірген және қоқыс тастаған адамдарды полиция ұстап, әкімшілік хаттама толтырып, айыппұл жазылады» дейді ол. Назар аударарлық жайттың бірі, 2022 жылдың басынан бері Алматыда – 5424 адам, Астанада 6300 адам көшеде түкіргені үшін жауапкершілікке тартылған. Жаман әдетке бейім адамдардың саны неге күрт өскен? Адамдар әдептен жаппай безіне бастады ма, әлде, бейнекамераларды көбейткен полицейлер дұрыс жұмыс істеуге кірісті ме?! Қалай десек те, көзге қораш көрінетін қылықтың көбейгені жақсылық емес.

Бұған тосқауыл қою үшін не істеуіміз керек? Әлемдік тәжірибеге үңілсек, жағымсыз әдеттен тез арылуға үйреткен тәсілдер көп. Соның бірі – Үндістанның тәжірибесі. 2020 жылы ел үкіметі көшеде түкіргендерге 500 рупий (3 мың теңге) көлемінде айыппұл салатын заң шығарды. Ал Үндістанда індет кеңінен таралғанда бұл жазаны күшейтіп, 12 жылға дейін бас бостандығынан айыратын болды. Себебі үнділік дәрігерлер құрт ауруы, COVID-19 індеті ауада таралған түкірікпен жұғатынын анықтаған. Үнділер тропикте өсетін бетельдің жапырағынан жасалған сағыз шайнайды. Бұл сағыздан адамның ауыз қуысында сілекейдің мөлшері тез көбейеді. Біздің насыбайымызға ұқсас өнім. Құрамында сілтісі бар насыбайды атқан адам жиі-жиі түкіреді. Егер түкірікке заңмен тыйым саламыз десек, насыбайға қатысты да арнайы ережелер енгізу керек шығар.

Мәселен, Қырғыз елінде насыбай атып, жерге түкірген адамға 5500 сом көлемінде айыппұл салады. Біздің ақшамен есептесек – 30 мың теңге. Әлемдік тәжірибеде түкірік пен қақырыққа қатаң жаза қолданатын елдер көп. Лондонда байқаусызда көшеде түкіріп қойсаң, 100 фунт стерлинг (55 мың теңге) айыппұлыңды шытырлатып санап бересің. Ал өркениеттің ордасы атанған Сингапурға барсаң, аузыңа да, қолыңа да ерекше абай болуың керек. Өйткені сенің түкірігің, я болмаса тастаған сағызың не өзге қоқысың үшін 1000 долларыңды (338 мың теңге) қаланың қазынасына бересің. Несі бар, мұндай жазаға біздің түкіргіштер ойланып қалуы мүмкін. Бәлкім, астаналық депутаттар 5 АЕК-ті болашақта 50-100 АЕК-ке дейін ұлғайтуды жақтап, дауыс берер. Меніңше, көшедегі түкірген, қақырған немесе сіңбірген адамдарды ұстап алған полицейлер сол жерлерді жуғызуды заңға баттитып жазып қойса, мәселе өздігінен жедел шешілетін еді-ау.

Қазақтың мұңын жеткізетін, әлеуметтік жайын, қоғамдық қарым-қатынастарын көрсететін басты халықтық мінбер сөз өнері болғандықтан, олардың баршасы әдебиеттен көрініс тауып жатты. Сондықтан да қазақ Ренессансы өзінің толық мазмұнын осы сөз өнерінен тапты. Дегенмен Ренессанс сияқты аса ірі құбылыстың бір ғана сөз өнерінен байқалуы аздық ететін еді. Осы құбылыстың барлық негізгі сипаттарын көрсетуі үшін ол басқа салаларды да қамтымақ. XX ғасыр басында қазақ ой-өрісінің кеңеюі, жазба әдеби жанрлардың қалыптасуы, ғылымның тууы, театр өнерінің дүниеге келуі, ең бастысы, осыларды қалыптастыратын қазақ зиялы қауымының жалпы ортақ ұлттық мүдде жолында шоғырлануы ренессанстық белгілер болатын.

ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ РЕНЕССАНСЫ

Әрбір халық тарихи даму үдерісіне және деңгейіне орай Жаңғыру дәуірін өткізеді. Әлемдік тарихнамада ол «Ренессанс» атауымен белгілі. Ренессанс әсіресе, өркениетті елдердің тарихында толығырақ зерттелген. Осыларды зерделейтін болсақ, онда Ренессанс құбылысының үш түрлі типін аңғарамыз. Біріншісі – VIII ғасырдан XIII ғасырға дейін жалғасқан Ислам дінінің адамгершілік қағидаларына негізделген және мәдениет пен ғылымның көптеген салалары ерекше дамыған «Исламның алтын дәуірі» немесе «Мұсылман Ренессансы» деп аталатын Еуропаға тікелей ықпал еткен Жаңғыру дәуірі. Екіншісі – антропоцентризмге негізделген XIV ғасырдан XVI ғасырдың ортасына дейін созылған Батыс Еуропадағы Ренессанс. Үшіншісі – отарланған халықтардағы алдымен ұлттың жағдайына, содан кейін адамның халіне гуманистік көзқарас танытқан ренессанстық құбылыс. Әлемдік тарихтағы қалыптасқан осындай даму ерекшеліктерін ескеріп, біз қазақ жеріндегі жаңғыру құбылысын үшінші типіне енгіземіз. Сол себепті де оны «Қазақ ұлттық Ренессансы» деп атаймыз. Оны саяси-қоғамдық және мәдени үдерістері контекстінде қарай отырып, Алаш қозғалысымен тікелей байланыстырамыз. Бұл ұлттық Ренессансты ұғыну мен оған баға берудің ең басты алғышарты десе болғандай.

Мұсылман Ренессансы дәуірінде араб әлемінде білім беру, ғылым, әдебиет, өнер, мәдениет айрықша дамыды. Бағдат, Каир, Дамаск, Бұхара, Газна, Самарқанд, Хорезм, Исфахан, Нишапур, Балх, Кордова, Тебриз сияқты қалалар әлемнің аса ірі білім мен мәдениет ошақтарына айналды. Әлемдегі ең алғашқы университет те Мұсылман елінде ашылды. Ол 859 жылы мароккалық ханшайым Фатима аль-Фихри Фесе қаласында ашқан алғашқы университет. Ал оның алдында IX ғасырдың 20-жылдары Бағдатта «Бейт аль-Хикма» атты Ислам академиясының негізі қаланды. Халиф әл-Мамұн ашқан бұл «Даналық үйіне» ғалымдардың айтуынша, Орта Азиядан, Иранннан көптеген оқымыстылар келіп жұмыс істеген. Білім мен ғылымның ренессанстық дәуірде шамшырағы болған бұл қалаларға Еуропаның, Азияның, Африканың көптеген елдерінен оқымыстылар жиналды. Солардың бірі қазақ даласынан келген әл-Фараби. Энциклопедиялық білімі, ғылыми еңбектері оны Исламның алтын дәуірінің көрнекті ренессанстық тұлғасы етеді.

Жалпы Мұсылман Ренессансы Батыс Еуропадағы Ренессанстың тууына, қалыптасуына айрықша ықпал жасады. Бұл жөнінде американ ғалымы Г.Тернер: «Мұсылман суретшілері және ғалымдары, жұмысшылары мен князьдары бірегей мәдениетті жасады, ол барлық құрлықтарға тікелей және жанама әсер етті» деп баға берді.

Еуропадағы Ренессанс тұсында адамзат баласының халықаралық қатынастары ерекше дамыды. Бұл ұлы географиялық жаңалықтардың дәуірі болғаны белгілі. 1492 жылы Христофор Колумбтың Американы, 1498 жылы Васко да Гаманың Үндістанға баруы, 1522 жылы Фернан Магелланның бүкіл жер шарын аралап шыққан атақты экспедициясы секілді мысалдардың өзі-ақ ренессанстық дәуірдің адамзатқа не бергенін жақсы түсіндіре алады деп ойлаймыз. Оларға қоса, Ренессанс өкілдері қатарында Данте, Галилей, Коперник, Бруно, Монтень, Роттердамский, Макиавели, Кампанелла, Шекспир, Сервантес, Микеланджело, Леонардо да Винчи сияқты адамзаттың ақыл-ойына, танымына аса зор үлес қосқан тұлғаларды атасақ, бұл дәуірдің өркениет тарихындағы маңызы аңғарылатын болады.

Мұсылман Ренессансында, одан кейінгі Батыс Ренессансында алдыңғы қатарға адам, адамның адамгершілігі, моралі, ойы, әрекеті, сезімі шықса, қазақ сияқты отарланған халықтың жаңғыру дәуірінде ұлт пен адам тығыз сабақтастықта көрінді. Бұл отарланған Азия, Еуропа, Америка халықтарының барлығына да тән ерекшелік. Мысалы, XIX ғасырдың соңы XX ғасырдың басындағы Үндістандағы Бенгал Ренессансын айтуға болады. Оның басты тұлғасы Р.Тагор болды. XVIII ғасырдың аяғы мен XIX ғасырдағы Болгариядағы осындай жаңғыру «Болгар ұлттық Ренессансы» деп аталды. Мұндай мысалдарды көптеп келтіруге боларлық. Жалпы мұндай халықтардағы Ренессанс дәуірі негізінен, ұлт-азаттық қозғалыспен бірге жүретінін аңғару қиын емес.

Алаш қозғалысы өзіне дейінгі барлық қозғалыстардан басты айырмасы, қажет болса, тіпті артықшылығы – оның интеллектуалдық-мәдени қозғалыс болуында. Әлбетте бұл Алаш қозғалысы саяси бағыттағы күрес дегенімізбен, оның негізінде XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында заманауи білім алған қазақ зиялылары тұрды. Олардың ішінде гуманитарлық білім алғандардың үлесі үлкен болды. Егер қозғалыс жетекшісі Әлихан Бөкейханды ұлттық Ренессанс дәуірінің саяси көсемдер болсақ, Ахмет Байтұрсынұлы оның рухани көсемі дейміз. Жалпы осы екі реформатор тұлға ұлтымыздың саяси және мәдени тарихына бетбұрыс жасаған тұлғалар болды. Осы арада біз қазақ Ренессансының бастапқы ерекшеліктері Абайдан кеңінен байқалғанын айтуға тиіспіз. Себебі Қазақ ұлттық Ренессансының антропоцентристік, адамгершіл мұраттарын Ислам діні мен қазақ халқының ізгі дәстүрлерін синтездеген Абай тұлғасы және оның шығармашылығы дайындағаны белгілі. Бұл жөнінде біз «Абай және қазақ Ренессансы» еңбегімізде баяндағанбыз.

Әлемдік тарихтағы Ренессанстың тууы мен қалыптасуының формациялық алғышарттарына келсек, ол жалпы қоғамдық және мәдени құбылыс ретінде феодалдық қатынастардың капитализмге қарай бейімделе бастаған кезеңімен тұспа-тұс келеді. XX ғасыр басында қазақ даласында буржуазиялық қатынастардың орныға бастауы да жаңғыру дәуірінің орнығуына тікелей ықпал еткен фактор.

XX ғасыр басындағы қоғамдық және мәдени үдерістерге баға беруде бұл кезеңді «Ағартушылық» деп атап жүрміз. Бұл – кеңестік кезеңде Ш.Уәлиханов, Ы. Алтынсарин, Абайлардан бастап XX ғасыр басындағы М.Серәлин, С.Көбеев, С.Торайғыров және т.б. ақын-жазушыларға берілген анықтауыш. Оларды «Қазақтың демократ ақын-жазушылары» деп атадық. Оны олардың халықшылдығымен, сол кездегі түсінік бойынша «үстем тапқа» қарсылығымен түсіндіріп, маркстік-лениндік ілім негізіндегі соцреализмнің қағидаларын басшылыққа алдық. Осыдан жалпы қоғамдық, оның ішінде – большевизм идеологтары. Себебі олар өздерін қараңғы қазаққа өнер-білім әкелген ағартушылармыз деп жария еткен. Сонымен қатар олар қазақтар ішінен де ағартушылар іздестіре бастады... Сонымен тез арада ағартушылық концепциясы жасалып, шығармаларында әділеттілік туралы ой толғаған қазақ ұлдары ағартушылар болып шыға келді» деп жазады. Шынында да кеңестік кезеңде барлығын да жетекші идеологияға таңу, бейімдеу жайттары көп болғанын білеміз. Біз осы ескірген идеологиялық құрсаулардан шынайы ғылыми танымды аршып, тазалап алуымыз қажет. Қазақ ғылымында әсіресе тілтану, әдебиеттану, философия және ұлттың танымымен байланысты гуманитарлық-қоғамдық ғылымдардағы әдіснаманы қалыптастырмайтын болсақ, онда әлі де біржағынан ескі сүрлеуден шыға алмай, екінші жағынан, қазіргі әртүрлі креативті деп саналатын идеялардың етегіне жармаса беретін боламыз. Мұндай жағдай қазір аталған ғылымдарда байқалып жүр.

> Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік, шығармашылық тұтас өмірбаяны оны аса ірі ренессанстық тұлға етеді. Егер Ақаңның Алаш қозғалысы тұсындағы зор қайраткерлігін, ұлттық мектепті қалыптастырудағы ұстаздығын, ғылымның негізін салушы болғандығын, дәуір ұранына айналған көркем шығармалар мен публицистикалық еңбектер жазғандығын жіктейтін болсақ, онда оның жан-жақты тұлғалық қасиеттері Ренессанстың ең негізгі бағыттарын анықтағанын аңғарар едік

Ағартушылық Абайдың шығармашылық болмысын толық таныта алмайтын сияқты Алаш зиялыларының да күресі мен шығармашылығын сипаттауға жете бермейді. Мәселе одан әлдеқайда кең. Соған орай ол кезеңге және сол кезеңге өмір сүріп, шығармашылық еткен тұлғаларды тек ағартушылық аясында ғана емес, кең ұғымдағы ұлттық Жаңғыру контекстінде қарастыруымыз қажет. Оның атауы халықаралық терминологияда «Ренессанс» делінеді. Бұл арада түсінікті болуы үшін мынадай жайтты ашып алуға тиіспіз. Батыс Еуропада Ренессанс жеке бір дәуірді, Ағартушылық жеке бір дәуірді сипаттайды. Осыдан тікелей келіп, «қазақ қоғамында да осы екі дәуір жеке болмады ма екен» деген орынды сауал шығады. Оған жауабымыз мынадай. Араб елдері, Батыс Еуропаның мемлекеттері көне дәуірлерден бастап қазірге дейін өздерінің ұлттық даму эволюциясымен өмір сүріп келеді. Ал қазақ сияқты тарих жүзімен алғанда жасырақ және өзге мемлекеттердің отарында болған халықтар дамудың классикалық эволюциясынан толық өтпейді. Оның көптеген саяси, әлеуметтік және мәдени себептері бар. Сондықтан да мұндай халықтар тарихи үдерісте жоғарыда аталған халықтар ретімен, сатылап жүретін кезеңдерді толық емес ішінара ғана өтуі немесе белгілі бір уақытта бірнеше кезеңдерді қатар өткізуі мүмкін. Айталық, қазақ қоғамында жаңғыру кезеңі аясында ағартушылыққа тән барлық дерлік ерекшеліктер көрінді. Әдеби дамуға келер болсақ, XX ғасырдың басында реализмнің сыншыл және ағартушылық формалары, романтизмнің әлеуметтік-консерватизті, философиялық, төңкерістік ағымдары, сентименталдизм, символизм, натурализм қатар жүрді. Халқымыздың даму тарихына және соған орай танымына орай Батыс Еуропа халықтары сан ғасырлар бойы басынан кешкен дәуірлер біздің әдеби үдерісте мейлінше сығымдалды. Қазақ Ренессансы мен Ағартушылығы сияқты үдерістер де осылайша жүрді. Сол себепті біз алдымен Абай шығармашылығында байқалған Ренессансқа тән белгілердің XX ғасыр басында тұтас үдеріске айналғанын айта келіп, бұл кездегі ағартушылықты осы тұтастың бөлшегі ретінде қарастырамыз. Екеуін ортақтастыратын факторлар: халықтың мәдениетін көтеру, білімге үндеу, еңбек культін насихаттау, мінезін түзеу. Ал Ренессансты сипаттайтын факторлар: ұлтты ояту және біріктіру, ұлттық болмысты сақтау және дамыту, теңдік, бостандық, азаттық идеялары, өркениетті елдерден үлгі алу және солармен интеграцияға түсу, ғылымды қалыптастыру, мәдениетті күшейту, кәсіби білімге ие болу, ұлттық тарихты қорыту және одан сабақ алу. Міне, осындай міндеттер Қазақ ұлттық Ренессансын сипаттайды. Ренессанстың ағартушылықтан түбірлі айырмасы - Алаш зиялылары ұлт мәселесін тек әдеби-мәдени, философиялық тұрғыдан ғана қарастырмай оған саяси мазмұн дарытты. Себебі, халықтың азаттығы, адамның еркіндігі ғана шын мәніндегі жаңғыру болатын еді.

Қазақ ұлттық Ренессансы өзінің тарихи миссиясына тән, біздің ойымызша, бірнеше ренессанстық тұлғаларды тудырды. Ренессанстық тұлға дегеніміз – кім және қандай сипаттарымен ерекшеленеді деген сауалды қояр болсақ, онда былай деп жауап беретін едік. «Ренессанстық тұлға» дегеніміз адамның, халықтың адамгершіл болмысын бейнелеген және оны кеңінен насихаттаған, гуманистік идеяларды шығармашылығы мен күресінің арқауына айналдырған ұлттың тарихы мен мәдениетіне, өнеріне, білімі мен ғылымына үлкен дәуірлік бетбұрыс жасаған тұлға.

Ахмет Байтұрсынұлының қайраткерлік, шығармашылық тұтас өмірбаяны оны аса ірі ренессанстық тұлға етеді. Егер Ақаңның Алаш қозғалысы тұсындағы зор қайраткерлігін, ұлттық мектепті қалыптастырудағы ұстаздығын, ғылымның негізін салушы болғандығын, дәуір ұранына айналған көркем шығармалар мен публицистикалық еңбектер жазғандығын жіктейтін болсақ, онда оның жан-жақты тұлғалық қасиеттері Ренессанстың ең негізгі бағыттарын анықтағанын аңғарар едік. Ақаңды «Ұлт ұстазы» деуіміздің астарында оның осындай дәуірлік көшбасшы болғанына лайықты бағамыз жатыр. «Ақаң ашқан қазақ мектебі, Ақаң түрлеген ана тілі, Ақаң салған әдебиеттегі елшілдік ұран – «Қырық мысал», «Маса», «Қазақ» газетінің 1916 жылдағы қан жылаған қазақ баласына істеген еңбегі, өнер-білім, саясат жолындағы қажымаған қайраты, біз ұмытсақ та, тарих ұмытпайтын істер болатын» деген Мұхтар Әуезовтің бағасы оның ренессанстық тұлғасын танытады деп ойлаймыз. Әуезовтің осы мақаласында Алаш қозғалысына байланысты ешнәрсе айтылмаған. Кеңестік кезеңдегі заманның райы Мұқаңа оны айтудан сақтандырған.

Ахмет Байтұрсынұлының тарихи тұлғасын қалыптастырған алғышарттар оның ренессанстық тұлға болуына тікелей қатысты. Біздің ойымызша, ондай алғышарттар қатарында мыналарды атауға болады. Біріншіден, ол бала кезінен отаршылдықтың зардабын көріп өскенін «Анама хат» өлеңінен және зерттеулердегі өмірбаяндық деректерден жақсы білеміз. Ақаңның ат жалын тартып азамат болып қалыптаса бастаған кезеңінде ұлт оқығандары шоғырланып, отаршылдыққа қарсы күресті бастады. 1905 жылғы Ресейдегі төңкеріс, бостандық идеялары, қазақ жеріндегі алғашқы құзырхаттар, саяси басқосулар және осылардың нақ ортасында Ахмет Байтұрсынұлының болуы, оған белсенді түрде қатысуы оны қайраткерлік жолға түсірді. Мысалы, «Қарқаралы құзырхаты», «Қарқаралы шеруі». Осы кезеңде оның Ә.Бөкейхан, Ж.Ақбаев, М.Дулатов сияқты ұлтының тағдыры үшін күрес бастаған тұлғалармен адами, рухани және саяси серіктігі ортақ мүдде үшін қайраткерлік тұлғасын қалыптастыра бастады. Бұл мәдени, ағартушылық күреске ұласып, 1913 жылы «Қазақ» газеті бетінде саяси-қоғамдық күреске, 1917 жылдың көктемінен бастап нағыз саяси күреске ұласты. Нәтижесінде аталған Алаш көсемдерінің және тағы да басқа қайраткерлердің күресі арқасында саяси мазмұндағы облыстық, уездік қазақ сиездерін, I, II жалпықазақ сиездерін өткізуге, «Алаш» ұлттық партиясының бағдарламасын жариялауға, партияның Семейден бастап бірнеше өңірде комитеттерінің ашылуына, Алашорда үкіметінің құрылуына, Алаш автономиясына алып келді. Екіншіден, Ренессанс тұсында ұлттық тілдер мен әдебиет жаңа деңгейлік сатыға көтеріледі. Айталық, VIII ғасырдың II жартысында және IX ғасырда араб тілінің әдеби стильдері қалыптаса бастады. Араб әдебиеті идеялық, жанрлық, эстетикалық жағынан жаңа белеске шықты. Осындай дамуды Батыс Еуропа Ренессансынан да аңғарамыз. Ортағасырлық латын тілінің орнына еуропалық тілдер ғылым мен мәдениетте қолданылып, олардың әдеби тіл ретіндегі нормалары жүйелене бастады. Дантенің өзі латын тілінің «жасандылығын» көрсетіп, итальян тілін мейлінше табиғи тіл ретінде бағалады.

Ербол ТІЛЕШОВ,
Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының директоры, филология ғылымдарының кандидаты

(Жалғасы бар)

№120 (4398) 11/10/2022 Сейсенбі

ҚОҚЫСТЫ СҰРЫПТАУҒА НЕГЕ ЕНЖАРЛЫҚ ТАНЫТАМЫЗ?

Кез келген адам тұрмыстық қалдықты қоқыс жәшігіне салады, бірақ әрі қарай қандай процесс жүретіні жайлы ойлана бермейді. Бір тәулікте тау болып жиналатын қоқыс ішінде тамақ қалдығы, қағаз бен пластик және түрлі қалдық аралас жиналады. Ал халық көп шоғырланатын жерде көше мен ауа тазалығын сақтау өте маңызды. Осы орайда Elorda.info тілшісі елордалықтарды экология мәселесі қаншалықты толғандыратыны жайлы жазды.

ЭКОЛОГИЯ САЛАСЫНДА ЖЕТІСТІК БАР МА?

Биыл Қазақстан «жасыл» өмір үшін үздік 78 ел ішінде рейтингте 72-орынды иеленді. ТМД елдері арасында Қазақстанға қарағанда Ресей, Беларусь және Әзербайжандағы жағдай жақсы. Рейтингтің төмен көрсеткішіне қарамастан, елімізде қоршаған ортаны қорғауға инвестиция 115,9 млрд-тан 118,9 млрд теңгеге дейін ұлғайды. Тамыз айында Премьер-министр Әлихан Смайылов халық саны 10 мыңға дейінгі елді мекендерде тұрмыстық қатты қалдықтар полигондары салынатынын айтқан еді. Ал жоспарға сәйкес, 2030 жылға қарай қалдықтарды қайта өңдеу үлесі 40%-ға, 2050 жылға қарай 50%-ға дейін жеткізілуге тиіс.

Елімізде жыл сайын 4,5-5 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық түзіледі. Қалдықтың басым бөлігі зауыттарда жиналады, сол себепті шағын және орта бизнес кәсіпорындарында қоқыс сұрыпталып немесе қайта өңделеді. Ресми деректер бойынша 3,2 мың полигонда 125 млн тонна қатты тұрмыстық қалдық жинақталған. Жыл сайын Қазақстанда 5 млн тоннадан астам қоқыс жиналады. Полигондардың экологиялық стандарттарға сәйкес келмеу салдарынан қоқысты қайта өңдеу деңгейі өте төмен. Қайта өңдеу үлесін арттыру жолын қала сыртында, иесіз далада бей-берекет заңсыз төгілетін қоқыстар тежейді.

ЕЛОРДАДА ҚОҚЫС ҚАЛАЙ ЖИНАЛЫП ЖАТЫР?

Қаланың кіреберісіндегі Алаш тас-жолында орналасқан полигон қоқысты сұрыптаса да, онда қайта өңдеуге жарамды қалдықтардың үлесі аз. Полигонның бас инженері Александр Дручинин тонналап жиналатын қоқыстың көбі қайта өңдеуге жарамайтынын айтты. Оның айтуы бойынша, бір жерге жиналған қоқыс ішінде жарамды қалдықтар өз сапасын жоғалтады.

– Полигон қызметкерлері жүк көліктері әкелген қоқысты реттейді. Қайта өңдеуге жарамды қағаз, шыны, пластик және т. б. қалдықтарды жеке жинайды. Бірақ қала тұрғындары қоқысты бөлек жинауға әлі де қызығушылық танытпай келеді. Оған біздің полигондағы жарамсыз қоқыстардың үлесі дәлел бола алады. Ал кәсіпорын өкілдері тапсыратын қалдықтар бөлек жиналып келеді, – дейді бас инженер.

Қоқыс полигонында жеке қоқыс түрлері жиналып, нығыздалады. Кейін өңдеу зауытына жіберіледі. Кәсіпорын пластик өнімдерін сұрыптап, дайын шикізат та жасайды.

ҚОҚЫСТЫ СҰРЫПТАУДЫ ҚАШАН ҮЙРЕНЕДІ?

Елімізде 2020 жылы коммуналдық қалдықтарды жинаумен және шығарумен айналысатын 625 кәсіпорын болса, 2021 жылы олардың қатарына тағы 50 компания қосылды. Біздің есептеуімізше, Астана қаласында қоқыс жинау бойынша 20-ға жуық кәсіпорын қызмет көрсетеді. Оның ішінде 3 мекеме қоқысты жеке сұрыптау және өңдеу жұмыстарын жүргізеді.

«Clean City» кәсіпорнында 2018 жылдан бастап қоқысты бөлек жинау бойынша жоба іске қосылған. Қоқыс дымқыл және құрғақ болып екіге бөлінеді. Бүгінде қала бойынша 6276 сары түсті сұрыптау контейнері қойылған. Кәсіпорын жылына 300 мың тоннадан астам қалдық шығарады. Жыл мезгіліне байланысты күніне 700-ден 1100 тоннаға дейін қоқыс шығарады. Компания өкілінің мәліметінше, жеке контейнерлер қойылғанмен, сұрыптау деңгейі төмен. Себебі қала тұрғындары қайта өңдеуге жарамды емес қалдықтарды да арнайы контейнерлерге салады.

Елордадағы «LS Astana» кәсіпорны 7 жыл бойы макулатура, пластик, тұрмыстық заттардың қалдығын, алюминий және шыны сияқты қайта өңдеуге жатпайтын қалдықтарды жинаумен және қайта өңдеумен айналысып келеді. Компания сұрыптау контейнерлеріне қарағанда қалдықты қабылдау пункттерін ашуды ұстанады. Компания директоры Айжан Мырзағалиева қаланың сол жағалауында қабылдау пунктін ашуды көздеп отыр.

– Жуырда елордада Қошқарбаев даңғылы, 44 мекенжайында қала бойынша 6-қабылдау пункті ашылды. Барлық пункттер Астана қаласының оң жағалауында орналасқан. Бірақ қала тұрғындары тарапынан сол жағалауда да пункт ашу туралы өтініштер келді. Біз әлі ойластырып жатырмыз, – дейді компания директоры.

Кәсіпорын сұрыптауға жататын тұрмыстық қалдықты жинағаннан кейін қайта өңдеу зауытына жібереді. Мысалы, түрлі түсті пластик бөтелкелер Петропавл қаласындағы Green Park қайталама полимерлерін өңдеу зауытына жөнелтіледі. Орта есеппен бір қабылдау пунктін толтыруға 2 күн кетеді. Қайталама шикізаттың әрбір түрі жиналады, ішінара сол жерде сұрыпталады. Бір қабылдау пункті орта есеппен айына 3 тонна қайталама шикізатты жинай алады.

Елордадағы сұрыптау кәсіпорынды-

рының жұмысы тікелей тұрғындарға байланысты екені белгілі. Ал елордалықтар қоқысты сұрыптауға асықпайды.

ӘЛЕМДІК ТӘЖІРИБЕ НЕ ДЕЙДІ?

Дамыған елдердің көбінде тұрмыс қалдықтары – әжептәуір табыс көзі және әлеуметтік жауапкершілік. Қоқысты сұрыптау бойынша Еуропа елдерінің тәжірибесі мол әрі ауқымды. Елдерде қоқысты пайдаға асыру ісі жолға қойылған. Еуропа тұрғындарының өзін-өзі сыйлайтын кез келген азаматы тұрмыстық қалдықты сұрыптап алмай жатып қоқыс жәшігіне тастамайды. Мұны еуропалықтар қоршаған ортаның тазалығы үшін және табиғи ресурстарды үнемдеу үшін істеп отыр.

ГЕРМАНИЯ

Германия – қалдықтарды бөлек жинау жүйесін енгізген алғашқы елдің бірі. Қалдықтарды сұрыптаудың алғашқы тәжірибесі 1980 жылдары басталды. Көшелерде қоқыстың әртүрлі түрлеріне арналған контейнерлер пайда болды. Германия азаматтары дұрыс емес контейнерге тасталған қоқыс үшін 30 еуродан бастап, ал істен шыққан техниканы аулаға шығарғаны үшін 2500 еуроға дейін айыппұл төлейді. Бүгінде елдегі барлық қоқыстардың 80%-ы электр энергиясын алу үшін қайта өңделеді.

ШВЕЦИЯ

Шведтер қоқысты бөлек жинауды 1990 жылдардың соңында бастады. Avfall Sverige қалдықтарды басқару қауымдастығының мәліметтері бойынша Швецияда тұрмыстық қалдықтардың 99%-ы қайтадан өңделеді. Бұл мөлшердің жартысы электр қуаты мен жылуды алу үшін жоғары технологиялық зауыттарға беріледі. Елдегі балабақшаларда дене шынықтыру және музыкамен қатар «Қоқысты қайта өңдеу» пәні пайда болды. Қоқысты дұрыс шығармағаны үшін айыппұл қарастырылған.

ЖАПОНИЯ

XIX ғасырда жапондықтар пайдаланылған қағазды өңдей бастады, ал алғашқы қоқыс өртейтін зауыт Токиода 1924 жылы салынды. Алайда азаматтарды қоқысты сұрыптауға міндеттейтін заңдар тек 1990 жылдары пайда болды. Бүгінгі таңда Жапонияда қоқыс төрт фракцияға бөлінеді – жанғыш, жанбайтын, өңделетін және үлкен. Әр фракция белгіленген күн мен сағатта қатаң түрде алынады. Сұрыптау ережелерін бұзғаны үшін айыппұл төленеді. Ал өндірушілерге әр қаптамада оны қалай жою керегі туралы егжей-тегжейлі нұсқаулар беруге міндеттелді.

Қоқысты қайта өңдеу әрқашан өзекті болады. Біреу бұл туралы ерте ойланып, алғашқы қадамдарды жасады, ал енді біреуі әлі күнге дейін не үшін қажет екенін түсінбейді. Қалай болғанда да, сұрыптау біздің өміріміздің ажырамас бөлігі болуы керек.

АҚШ

Америка экологиялық проблемаларға ерекше мән береді. Бұл елде әр сағат сайын 2,5 миллион пластик шөлмек тасталады екен. Ал олардың әрқайсысының толық шіруі үшін 700 жыл қажет. Қазір елдің Нью-Йорк сияқты ірі қалаларында тұрмыстық қалдықтарды жою бойынша ауқымды мемлекеттік бағдарлама қолға алынған.

КӨРШІ ЕЛДЕРДЕ ЖАҒДАЙ ҚАЛАЙ?

Ресейліктердің 32 пайызы қоқысты сұрыптап, оны әртүрлі контейнерге тастайды. Қырғызстан астанасында күн сайын 1000 тонна қоқыс жиналады және бұл көрсеткіш жыл сайын 20%-ға артып келеді. Қытайлықтар жылына 400 млн тонна қоқыс шығарады. Қытайда адамдарды танитын камералардың күрделі жүйесі бар, сондықтан қоқысты бейберекет лақтырып, айыппұлды төлемеу мүмкін емес. Түрікменстанда жеке қалдықтарды жинау қызметімен Ussat көмекші жеке кәсіпорны айналысады. Қызмет декреттегі аналар, іскер және бос емес адамдар, сондай-ақ денсаулығына байланысты сыртқа шыға алмайтындар арасында танымал бола бастады.

САУАЛНАМА НӘТИЖЕСІ ҚАНДАЙ?

Elorda.info желілік басылымының Telegram парақшасында қоқысты сұрыптау бойынша сауалнама жүргізілді. Сауалнамаға қатысқан елордалықтардың 43 пайызы қоқыстың барлығын бір жерге жинап шығарады екен. Ал 43 пайызы сұрыптауға жарамды қоқыстарды бөлек жинайды. Тек елордалықтардың 14 пайызы аулада арнайы жәшіктердің жоғынан қоқысты бөлек жинамайтынын айтты.

Адамзат барда ешуақытта таусылмайтын қор – қоқыс. Бірақ пакетке оңды-солды салынған түрлі санаттағы тұрмыс қалдықтары қала шетіне барып үйіліп жатқанынан залал көп келеді. Басынан дұрыс жиналмаған қоқыс қайта өңделетін шикізат ретіндегі құндылығын жояды. Сондықтан қала тазалығы мен тұрғындары үшін жасалған арнайы қоқыс орындарына тиісті қалдықтарды тастауға үйренуіміз қажет. Тек солай ғана елорданың тазалығын сақтай аламыз.

Айта кетейік, ҚР Экологиялық кодексінің 301-бабына сәйкес, 2019 жылдың 1 қаңтарынан бастап полигондарда мына қалдықтарды – пластмасса, пластик, полиэтилен және полиэтилен қалдықтары – терефталат орамасы, макулатура, картон және қағаз қалдықтары, шыны, түсті және қара металдардың сынықтарын көмуге тыйым салынды.

Зарина СӘРСЕНБАЙҚЫЗЫ,
Elorda.info тілшісі

АСТАНА ҚАЛАСЫ МӘСЛИХАТЫНЫҢ АСТАНА ҚАЛАСЫНЫҢ ЖАҢАДАН ҚҰРЫЛҒАН УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯЛАРЫНЫҢ ҚҰРАМДАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАМАСЫ 2022 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАН

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның (бұдан әрі – Конституциялық заң) 10-бабына сәйкес, Орталық сайлау комиссиясын қоспағанда, сайлау комиссияларының құрамдарын тиісті мәслихаттар қалыптастырады. Мәслихаттар сайлау комиссияларының құрамын қалыптастыратын органдар ретінде сайлау комиссияларының өкілеттік мерзімі ішінде олардың құрамына өзгерістер енгізуге құқылы.

Қалалық сайлау комиссиясы жаңадан құрылған **59** учаскелік сайлау комиссиясы туралы және **56 учаскелік комиссияның сандық құрамын 9 адамға дейін және 3 учаскелік комиссияның сандық құрамын 5 адамға** дейін белгілеу туралы хабарлады.

Осыған байланысты қалалық мәслихаттың Уақытша комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Конституциялық заңның 10-бабының талаптарына сәйкес жаңадан құрылған учаскелік сайлау комиссияларының **519** мүшесін сайлау бойынша ұйымдастыру жұмыстарын жүргізді.

2022 жылғы 7 қазанда Астана қаласы мәслихатының кезектен тыс сессиясында жаңадан құрылған учаскелік сайлау комиссияларының 519 мүшесі сайланды.

1. Астана қаласы мәслихатының 2022 жылғы 7 қазандағы № 261-33/VII шешіміне сәйкес Астана қаласының учаскелік сайлау комиссияларының мүшелері болып келесі азаматтар сайлансын:

№ 355 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Абдуллаева Лейла Оспановна – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Сатыбалдина Баян – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Ибрагимова Шапагат Архаткызы – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Шербаева Бибинур Байжигит кизи – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Абдуалиев Думан Куандыкович – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Базарбаев Куаныш Канатович – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Сейдуәлі Әсел Уалиханқызы – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Малбағаров Алмас – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Бустекбаева Динара Абайқызы – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 356 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жанайдарова Алмагуль Курмангалиевна – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Ерназарова Бибигуль Алпыспаевна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Байгереева Улжан Жанабергеновна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Байменова Гульмира Абдыгалиевна – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Аманкулова Маржан Абдукаримовна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Стекольщиков Владимир Викторович – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Абдраисов Тулеген Васильевич – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Жумаділла Майра Серікқызы – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Құрманғалиев Арман Қайратұлы – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 357 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Аблезов Марс Сапарович – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Муслимбекова Зарина Турсунбековна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Искакова Айман Аскаралиевна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Омариев Зангар Кайратулы – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Хафизова Ирина Бейбитовна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Несипбаева Асыл Магашқызы – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Кәмен Диана Қасымқызы – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Батыргалиев Ерсултан Таласбаевич – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

Жандуллаева Сальбина Умербековна – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

№ 358 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Кабылова Айбат Фазыловна – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Нуркина Гульмира Марденовна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Сарсенбаева Бакытгул Алмасовна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Кошкарова Айнур Умиркуловна – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Шамуратова Рысжан Шерниязовна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Жангали Аягоз Әділқызы – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Амандық Нұрғиса Елубайұлы – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Жүсіпбек Әсел Қабиденқызы – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Молдагалиева Алмаш Сапаргалиевна – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 359 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Рыжков Вячеслав Васильевич – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Шакиров Галым Асгадұлы – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Ермуханова Айгуль Ергазиевна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Мукушева Динара Сакеновна – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Телеубаева Камила Айдыновна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Шаймуратов Асхат Жолтаевич – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Уразбекова Гульбаршин Садвакасовна – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Панченко Ирина Григорьевна – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Керимбекова Манат Аршабаевна – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 360 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Тугелбаев Жомарт Маслихатович – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Малеева Орик Кусаиновна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Баймуханова Ажар Аманжоловна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Рсаев Марлен Балгабаевич – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Шаркунова Елена Ергалиевна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Смаилова Назакен Зайкеновна – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Аманбекова Сабина Ерлановна – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Шлиязданов Нұрлыхан Әбдіхалықұлы – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Дюсенбаев Абылай Жумабекович – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 361 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Кужагулова Эльмира Сериковна – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Джумадилова Нургуль Аскаровна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Садвакасова Айман Алтиевна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Тойбекова Анар Муксиновна – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Арабаева Зауреш Оралбековна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Аманкулова Жансая Аппазбековна – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Алписова Меруерт Газизовна – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Жекенова Нұргул Серікбайқызы – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Кеменгерова Айгуль Ризабековна – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 362 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Кошембаева Гульсум Мадиевна – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Уалиева Лейла Сакеновна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Карашева Гулнур Жаксылыковна – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Бегерстанова Дамель Хаскирбаевна – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Евтухова Елена Юрьевна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Әділова Нұршат Нұрханқызы – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Тулесова Гульжан Алтынбековна – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Көкрекбаева Ғалия Қалиқызы – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Дюзенова Маргарита Жазитовна – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 363 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Жанат Айдос Жанатұлы – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Толеубекова Асем Амандыковна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Абсалямова Асем Жексенбаевна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Асан Әдемі Нұрланқызы – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Жаркинбаев Нурмухан Жунисханович – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Азимбаева Гаухар Кураловна – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Агитаева Асел Калкамановна – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Туртаева Розайым Тургыновна – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

Әлімбеков Нұрсұлтан Бауыржанұлы – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

№ 364 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Нүсіпжан Жеңіскүл Темірханқызы – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Мустапанова Мира Болатхановна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Муканова Амангуль Амангельдиновна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Амангелді Арнагүл Нұрланқызы – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Орынбасарова Ардак Кенесовна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Сыдых Бахытгул – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Асан Елдос Талапбекұлы – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Мелдеева Салтанат Аскаровна – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Али Маржан Алиевна – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 365 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Абдуллин Жасулан Нурланович – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Мұсырманқұл Пердихан Бекмағамбетұлы – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Кәлемшарив Бәтима – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Адельчанов Куат Серикулы – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Журымбаева Сандугаш Сабыржановна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Еркінбек Аружан Ержанқызы – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Мамина Зауреш Толегеновна – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Абельдаев Рустем Канатович – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Ильясов Айтбек Абдужаппарович – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 366 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Момбекова Гульмира Бейсенбековна – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Сопбекова Нурсулу Мынбаевна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Шаяхметова Клара Арыстанбековна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

Байзакова Алия Аманжоловна – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Карбаева Алтынай Каиркеновна – «ҚАРСЫ» қоғамдық жастар қозғалысы» ҚБ-нен

Ахунова Айғаным Салтановна – «Диалог-Астана» ҚБ-нен

Жандуллаев Жанибек Таласбаевич – «Жайна Астана» ҚБ-нен

Пивоварова Татьяна Николаевна – «Астана қаласы бойынша іскер әйелдер Қауымдастығы» ҚБ-нен

Ткач Елена Вячеславовна – «ІЛТИПАТ» ҚБ-нен

№ 367 УЧАСКЕЛІК САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ

Мухамадиева Жансулу Жумайевна – «AMANAT» партиясы» ҚБ-нен

Бахашева Айгуль Жумабаевна – «АУЫЛ» Халықтық-демократиялық патриоттық партиясы» ҚБ-нен

Қалқабай Айсұлу Саматқызы – «Арнау» даму орталығы» ҚБ-нен

Турдышева Эльмира Шайхуддиновна – «ЖАСТАР СЕРПІЛІСІ» ҚБ-нен

